

№182 орта мектеп

***Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы
ауданы бойынша білім бөлімінің «№182 орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023-2024 оқу
жылындағы №5 Педагогикалық кеңес
Хаттамасы***

Басықара ауылы

Мамыр 2024 жыл

24.05.2024 жылы №182 орта мектепте өткізілетін

№5 педагогикалық

кеңестің

К ү н т ә р т і б і :

1. 2023-2024 оқу жылындағы білім беру үдерісінің жылдық талдауы, даму жоспардағы негізгі мәселелерді тұжырымдау.
2. 2023-2024 оқу жылы бойынша оқу бағдарламасының орындалуы, білім сапасы, жалпы қорытынды.
3. Оқушыларды жылдық қорытынды аттестаттаудан өткізу, мемлекеттік бітіру емтиханына жіберу, сыныптан-сыныпқа көшіру, және озат оқушыларды мектепшілік «Марапатқа» ұсыну.

*Хабарламашылар: Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары-
Т.Нұрмаханов.*

4. «Тәрбие жұмысы бойынша жылдық қорытынды есебі, оқушылардың еңбек практикасы және жазғы демалыс.

*Хабарламашы: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-
Ж.Нурмаганбетова .*

5. Мектеп психологының 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмыстарының жылдық есебі: *Хабарламашы: Мектеп психологы—С.Айғабыл.*

6. Қосымша білім беру педагогының 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмыстарының жылдық есебі: *Хабарламашы: А.Рсықұлов*

7. Ұйымдастырушы педагогтың 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмыстарының жылдық есебі: *Хабарламашы-Ұйымдастырушы-педагог
Ж.Прназарова*

8. Әлеуметтік педагогтың 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмыстарының жылдық есебі: *Хабарламашы: Әлеуметтік-педагог Р.Кемалова.*

9. Ағымдағы мәселелер.

- 1) Педагогикалық ұжымның және жеке мұғалімдердің жетістігін бағалау.
- 2) 2024-2025 оқу жылына жұмыс жоспарын талқылау.
- 3) «Жаратылыстану пәні бойынша оқытудың тиімді жолдары» тақырыбындағы әдістемелік құралды мектептің іс-тәжірибесіне енгізу туралы
Хабарламашы: Мектеп директоры – Г.Бақытбергенов

Күн тәртібі бойынша «2023-2024 оқу жылындағы білім беру үдерісінің жылдық талдауы, даму жоспардағы негізгі мәселелерді тұжырымдау. 2023-2024 оқу жылы бойынша оқу бағдарламасының орындалуы, білім сапасы, жалпы қорытынды. Оқушыларды жылдық қорытынды аттестаттаудан өткізу, мемлекеттік бітіру емтиханына жіберу, сыныптан-сыныпқа көшіру, және озат оқушыларды мектепшілік «Марапатқа» ұсыну» бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Т.Нұрмаханов хабарлама жасады.

	1а	1б	2	3	4
Оқушы саны	17/10	17/8	11/4	17/9	27/19
Үздіктер			4/3	5/3	10/8
Екпінділер			5/1	8/4	9/7
Білім сапасы(%)			82	76,4	70
Динамика (+,-)					

	5а	5б	6	7	8	9а	9б
Оқушы саны	16/6	15/7	18/8	24/10	18/8	16/7	15/9
Үздіктер	4/3	3/2	6/5	4/4	4/3	4/1	2/2
Екпінділер	8/3	8/4	8/3	11/3	6/4	6/4	7/5
Білім сапасы (%)	75	73	78	62,5	55	62	60
Динамика (+,-)							

	10	11
Оқушы саны	9/3	19/8
Үздіктер	2/2	3/2
Екпінділер	3/1	8/5
Білім сапасы	55	57
Динамика (+,-)		

2023-2024 оқушылар саны – 239

Үздіктер – 51

Екпінділер – 86

2023-2024 оқу жылы бойынша білім сапасы – 57,3% **(мектептің 2024-2029 оқу жылдарында даму жоспары бойынша білім сапасы 57,5%)**

Олимпиада бойынша облыстық кезеңге қатысып алғыс хат иелендік

Мектептің педагог кадрларындағы педагог-зерттеушілердің үлесін 10%-ға жеткізу.

2023-2024 оқу жылы

№	Оқушы	Жетекшісі	Сайыс түрі	Нәтижесі
---	-------	-----------	------------	----------

Ауыл олимпиадасы				
1	Гүлдәуренұлы Ибраһим	Әбілова Жаңылған	Ауыл олимпиадасы	I орын – аудандық. III орын – облыстық
2	Мейірімжан Зере	Ақбамбет Асқар	Ауыл олимпиадасы	I орын – аудандық. II орын – облыстық
3	Темірғали Құрмет	Баймағамбетова Жанар	Ауыл олимпиадасы	I орын – аудандық. Алғыс хат – облыстық
	Алдамжар Азамат	Кенжебай Айнұр	Ауыл олимпиадасы	I орын – аудандық
Алтын түлек				
3	Гүлдәуренұлы Ибраһим	Әбілова Жаңылған	Алтын түлек	III орын – аудандық
4	Дәулет Самал	Әбілова Жаңылған	Алтын түлек	III орын – аудандық
9-11 сынып олимпиадасы				
5	Қожабек Нұрсат	Балманова Гүлназ	9-11 олимпиада	II орын
6	Мейірімжан Зере	Ақбамбет Асқар	9-11 олимпиада	II орын
	Кемал Жандос	Мусаева Гүлназия	9-11 олимпиада	II орын
7-8 сынып олимпиадасы				
7	Жәдігер Нұрай	Пірназарова Жадыра	7-8 Юниор олимпиадасы	I орын – аудандық. Алғыс хат – облыстық
8	Асанқызы Салтанат	Асанов Есбол	7-8 Юниор олимпиадасы	Алғыс хат- аудандық
	Жұматай Ұлжан	Ағыбай Асылбек	7-8 Юниор олимпиадасы	Алғыс хат
5-6 сынып олимпиадасы				
7	Қайрат Бахтияр	Ахметова Мархаббат	5-6 сынып олимпиада	III орын – аудандық
	Қалдыбек Қарақат	Сүйінтай Сұлушаш	5-6 сынып олимпиада	Алғыс хат
Лингвистикалық олимпиада				
	Ғабдол Елхан	Бекет Тұрсынай	Лингвистикалық олимпиаданың аудандық кезеңі	III орын
	Кемал Жандос	Мусаева Гүлназия	Республикалық лингвистикалық олимпиаданың аудандық кезеңі	II орын
Мұшайра, оқулар				
	Болатқызы Балауса	Мусаева Гүлназия	Аудандық мәдениет үйі, Пушкин оқулары	Бас жүлде
	Гүлдәуренұлы Ибраһим	Мусаева Гүлназия	Аудандық мәдениет үйі, Пушкин оқулары	I орын
	Темірғали Құрмет	Мусаева Гүлназия	Аудандық мәдениет үйі, Пушкин оқулары	Алғыс хат
	Серікбай Аянат	Мусаева Гүлназия	Аудандық мәдениет үйі, Пушкин оқулары	Алғыс хат
Кенгуру-лингвист»				
8	Қайрат Бахтияр	Ахметова Мархаббат	Кенгуру-лингвист»	III орын
9	Алдебай Альмира	Ахметова Мархаббат	Кенгуру-лингвист»	III орын

	Жасұланқызы Үміт	Алмабек Мираш	Кенгуру-лингвист»	II орын
	Әлдебай Қадыр-Әли	Алмабек Мираш	Кенгуру-лингвист»	III орын
	Қаназ Бибінұр	Алмабек Мираш	Кенгуру-лингвист»	III орын
	Әби Асылзада	Алмабек Мираш	Кенгуру-лингвист»	I орын
	Әби Гүлзада	Алмабек Мираш	Кенгуру-лингвист»	I орын
	Темірхан Құралай	Алмабек Мираш	Кенгуру-лингвист»	I орын
	Әбдікер Гүлзат	Алмабек Мираш	Кенгуру-лингвист»	I орын
	Жәдігер Сандуғаш	Алмабек Мираш	Кенгуру-лингвист»	I орын
	Ғаппарқызы Мейірімкүл	Алмабек Мираш	Кенгуру-лингвист»	I орын
	Жоламан Лайық	Алмабек Мираш	Кенгуру-лингвист»	I орын
10	Дәулет Самал	Әбілова Жаңылған	Кенгуру-лингвист»	III орын

«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы

	Төлеген Айару	Алмабек Мираш	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	II орын
	Манасұлы Дәулет	Бекет Тұрсынай	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	III орын
	Қалдыбек Қарақат	Сүйінтай Сұлушаш	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	III орын
	Әлдебай Альмира	Кенжебай Айнұр	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	I орын

Әскери сайыс

11	Мейірімжан Зере	Нұрбай Жәнібек	Әскери сайыс	III орын
12	Әли Каусар	Нұрбай Жәнібек	Әскери сайыс	III орын
13	10-сынып ер балалар	Нұрбай Жәнібек	Саптық жүріс	I орын
14	10-сынып ер балалар	Нұрбай Жәнібек	3000 жүгіру	III орын
15	Темірбек Қымбат	Жеткербаева Бекзат	«Мен және менің отбасым»	III орын
	Қуандық Жанәділ	Баймағамбетова Жанар	«Ел рәміздері – асыл мұрамыз!» аудандық ақындар мүшәйрасы	III орын
	Қайрат Бахтияр	Кенжебай Айнұр	«Тарих-ата» сайысы	I орын
	Темірхан Ұлжан	Кенжебай Айнұр	«Тарих-ата» сайысы	I орын
	Мейірімжан Зере	Рысқұл Айдын	«Ғылымға құштар жас өрен» аудандық ғылыми жабалар байқауы	Алғыс хат
16	Қайрат Бахтияр	Жеткербаева Бекзат	Инф.қашықтық олимпиада	III орын
17	Темірбек Қымбат	Балманова Гүлназ	Ең үздік ғылыми жоба	I орын

Спорттық сайыс

18	Нұрадасыл Илияс, Шакизат Ерзат, Ұлықпан Зибанұр	Әжімбет Жақсыкелді	Стол теннис	I орын – аудандық.
----	---	--------------------	-------------	--------------------

19	Шакизад Ерзат	Әжімбет Жақсыкелді	Стол теннис	«Үздік ойыншы» номинация
20	Молдахан Алпамыс,Шакизад Саят,Асанқызы Салтанат	Әжімбет Жақсыкелді	Стол теннис	II орын – аудандық.
21	Қожабек Нұрсат,Қуандық Жанәділ,	Әжімбет Жақсыкелді	Стол теннис	II орын – аудандық.
	7-сынып оқушылары	Алмабек Мираш Бекет Тұрсынай	Аудандық «The land of stories» театрландырылған қойылым байқауы	Алғыс хат
	5-9-сынып оқушылары	Мусаева Гүназия Садуакасова Кымбат	«Орыс тілі» пәні бойынша аудандық театрландырылған қойылым сайысы	I орын

**Жыл мұғалімі, идеялар алаңы, авторлық жұмыс, кәсіптік байқаулар,
мамандандырылған байқаулар, өнер, спорт**

№	Мұғалімінің аты-жөні	Сайыс түрі	Нәтиже
1.	Нұрбай Жәнібек	Жыл мұғалімі	I орын – аудандық
2.	Балманова Гүлназ	Физикадан ББЖМ(модо)	Алғыс хат -аудандық
3.	Исмайлова Лаззат	«Үздік дүниетану пәні мұғалімі-2024»	3 орын
4.		«Мен ұнатқан кітап..»буктрейлер байқауы	II орын
5.	Балманова Гүлназ	Ғылыми жобаға оқушы дайындағаны үшін	Алғыс хат - халықаралық
6.	Байденес Алтынкул	«Жасыл технологиялар балалар көзімен» аудандық байқау.	Алғыс хат
7.	Балманова Гүлназ	Практикалық жұмыстар -2024	Алғыс хат (аудандық)
8.	Әжімбет Жақсыкелді	Стол теннис	Алғыс хат (аудандық)
9.	Баймағамбетова Жанар	Практикалық жұмыстар – 2024. PISA тапсырмаларын орындау кезеңі	II орын – аудандық
10.	Бекет Тұрсынай	«ПедСтарт» республикалық қашықтық олимпиадасы	III орын.
11.	Мусаева Гүлназия	«Үздік орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі – 2023» аудандық байқауы	II орын
12.	Мусаева Гүлназия	«ПедСтарт» республикалық қашықтық олимпиадасы	I орын
13.	Мусаева Гүлназия	С.Торайғыровтың туғанына 130 жыл толуына арналған облыстық онлайн ғылыми жобалар сайысы	Алғыс хат
14.	Сүйінтай Сұлушаш	«Үздік қысқа мерзімді жоспар-2023» облыстық байқауы	III орын
15.	Сүйінтай Сұлушаш Баймағамбетова Жанар	«Құрмалас сөйлемді оқытуда оқушылардың біліктілігін қатысымдық-танымдық тұрғыдан қалыптастыру әдістемесі»	Әдістемелік құрал

16.	Бақытбергенов Гүлдәурен	«Бір мектеп – бір жоба» байқауының аудандық кезеңі	Алғыс хат
17.	Нурмаханов Талант	Материктер мен мұхиттар географиясы	Авторлық бағдарлама

Ашық сабақтар – 2024

№	Мұғалімнің аты-жөні	Сабақ тақырыбы	Сыныбы	Мерзімі
1	Асанов Есбол	«Бұрыштар»	5 ^а -сынып	24.04.24ж
2	Ахметова Мархаббат	«Бұрыштар»	5 ^б -сынып	22.04.24ж
3	Сәду Әлішер	«Алкандар»	9а-сынып	26.04.2024 жыл
4	Аюбаева Жанар	«Қазақстанның аудандарының шарауашылық салалары мен мамандануы»	9б-сынып	26.04.2024жыл
5	Жеткербаева Бекзат	«Интернетте жұмыс істеу қаншалықты қауіпті»	5 ^б -сынып	16.04.2024ж

р/с	Аты-жөні	Тақырыбы	Пәні	Сыныбы	Уақыты
1	Мырзатаева Жаңыл	1.«Балаңды тәрбиелегің келсе,өзінді тәрбиеле»	Аудандық семинар	Сахналық қойылым	22.11.2023 жыл
2	Исмайлова Ләззат	1. «Инклюзивті білім беру жағдайындағы оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау» 2. «Дастархан жаямын» Есептер шығару	Аудандық семинар Математика	Әдістемелік жұмыс 1-сынып	22.11.2023 жыл 19.04.2024
3	Байденес Алтынкүл	1.«Өке көрген оқ жонар» 2.«Дара және күрделі етістік»	Аудандық семинар Қазақ тілі	Танымдық сабақ 2-сынып	22.11.2023 жыл 10.04.2024 жыл
4	Ағыбаева Махаббат	«Жылам оқу техникасы арқылы бастауыш сынып оқушыларының оқу қарқынын дамыту»	Аудандық семинар	Әдістемелік жұмыс	22.11.2023 жыл
5	Прманова Кулжамила	1.«Жаратылыстану әлемі» зертханалық жұмыс 2. «Қараторғайдың ұясы»	Аудандық семинар Ана тілі	Әдістемелік жұмыс 1-сынып	22.11.2023 жыл 17.04.2024 жыл
6	Ағыбаева Индира	1.«Айдынды шалқар-Аралым»	Музыка	3-сынып	19.04.2024
7	Ағыбаева Жаңагүл	1.«Еңбек тәрбиесі бастан,еңбекке баулу жастан» 2.«Бутербродтар мен сусындарды дайындау технологиясы»	Аудандық семинар Көркем еңбек	Көрме 5 ^а сынып	22.11.2023 жыл 17.04.2024 жыл
8	Алдажаров Бақытжан	«Эстафеталық ойындар»	Дене тәрбиесі	1-сынып	16.04.2024 жыл

2023-2024 оқу жылы 8-12 сәуір аралығында
«STEAM жүйесі: Тіл мен тарихты кіріктіріп оқыту технологиясы»
тақырыбында қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігі апталығының
жұмыс жоспары

№	Іс-шара тақырыбы	Уақыты	Қатысушы	Жауапты
1	1) Апталықтың ашылуы (мектеп театры)	08.04.2024 жыл Сағат: 10:05	5-11-сыныптар	ӘБ мұғалімдері
	2) «Хақназар хан кезіндегі Қазақ хандығының сыртқы саясаты» ашық сабақ	Сағат: 11:10	6-сынып	Ж.Жәнділов
2	Ашық сабақтар шеруі	09.04.2024 жыл		
	1) «Food for sport» ашық сабақ	Сағат: 09:20	7-сынып	М.Алмабек
	2) «Солнечная система: наши соседи» ашық сабақ	Сағат: 09:20	6-сынып	К.Садуакасова
	3) «Т.Нұрмағанбетов «Анасын сағынған бала». Уәде»	Сағат: 10:20	5 ^б -сынып	С.Сүйінтай
3	1) «Ұжымдық қарым-қатынас» тренинг	10.04.2024 жыл Сағат: 15:30	Пән мұғалімдері	Ж.Нұрмағанбетова
	2) «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Үздік оқырман отбасы» сайысы	Сағат: 15:30	5-6-7-сынып оқушылары, ата-аналары	З.Қоңырбаева
4	«Қазіргі білім саласындағы жастардың алатын орны» дебат	11.04.2024 жыл Сағат: 15:30	Жастар	Г.Бақытбергенов
5	«Тәжірибе алаңы – кәсіби өсу кепілі» тәжірибе алаңы (қорытынды)	12.04.2024 жыл Сағат: 15:30	Мұғалімдер	Г.Мусаева Ж.Баймағамбетова

Ұсыныс:

1. 2023-2024 оқу жылын үздік оқыған 51 оқушыны мектеп директорының мақтау қағазымен марапаттауға;
2. 1-4 сынып оқушыларын №5 педагогикалық кеңестің шешімі бойынша сыныптан сыныпқа көшіруге;
3. 5-8, 10 сынып оқушыларын қазқ тілі пәнінен аралық емтиханға жіберуге;
4. 9, 11 сынып оқушыларын қорытында аттестаттау емтихандарына жіберуге;
5. Жыл бойына үздік жетістіктерге жеткен оқушылар мен мұғалімдерді марапаттауға;

Күн тәртібі бойынша «Тәрбие жұмысы бойынша жылдық қорытынды есебі, оқушылардың еңбек практикасы және жазғы демалыс» туралы мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Нурмағамбетова хабарлама жасады.

№182 орта мектептің тәрбие саласы бойынша 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмыстарының есебі.

2023-2024 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша бір жылға жоспар жасалынып бекітілді. 1 қыркүйек – Білім күніне орай «Мектебім мейірім мекені» атты салтанатты жиын өткізілді. Салтанатты жиында

Мемлекеттік Ту енгізіліп, Қазақстан Республикасының Гимні орындалды. Салтанатты жиынға аудан әкімінің орынбасары Сүйеубаев Жалғас Оңғарұлы, аудандық білім бөлімінің әдіскері Әбіл Әмірхан және ауыл округінің бас маманы Рысқұл Асқар және жергілікті полиция инспекторы Байділдаев Ерлан қатысты. Сонымен бірге 1 – 11 сынып жетекшілері 1 қыркүйек күні «Мектебім мейірім мекені» тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттарын өткізді. 5 қыркүйек Тіл мерекесіне орай және Ахмет Байтұрсыновтың туған күніне байланысты 4 – 30 қыркүйек аралығында **«Тілім менің – тірлігімнің айғағы»** атты 10 күндік өткізілді. Осы орайда 8-11 сынып оқушылары үш тілде бейнеқұттықтаулар дайындап, Қазақстан халқын тілдер күнімен құттықтады. **«Менің таңдауым – қазақ тілі»** челленджіне 5-9 сыныптарын қосты. Тілдер апталығының 10 күндігі шарасы өз деңгейінде өткізілді. Қорытынды кеште оқушыларымыз Тіл ұлттың жаны екенін насихаттап көркем сөз оқып, ән айтып, би биледі. Шара барысында 8 сынып оқушылары тіл жанашыры Ахмет Байтұрсыновтың «Анаға хат» көрінісін сахналап әсерлі жеткізді. Кеш соңында 10 күн бой әртүрлі іс-шараларға қатысқан оқушыларымыз бағалы сыйлықтармен марапаттар берілді.

2023 жыл 8 қыркүйек күні мектебімізде 1-4, 5-9, 10-11 сынып оқушылары арасында денсаулықтың адам өмір сүруі үшін аса қажеттілігін, оны сақтай білудің адам өміріндегі маңызы, өз денсаулығын күте білуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу мақсатында **«ДЕНЕ СЕРГІТУ»** Республика бойынша челленджді өткізілді.

27 қыркүйек күні Аудандық білім бөлімі, Қазалы АПБ-нің, жастар денсаулығы өкілдерінің қатысуымен кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық және қылмыс, нашар ақорлықтың алдын алу, интернет қауіпсіздігі мен суицид, зорлық – зомбылық, ерте жүктіліктің алдын алу бағытында ақпараттық – танымдық біліммен қамтамасыз ету мақсатында түсіндіру шаралары жүргізілді. Шараға Қазалы АПБ – нің ЖПҚБ нің ЮПТ – ның аға инспекторы полиция майоры Бегалиева Махаббат Төлепбергенқызы қатысты.

Ата – аналар жиналысы өткізілді. 27 қыркүйек күні 5-11 сынып оқушыларының ата – аналарымен басықара ауылдық округінің маманы Оразалы F және мектеп әкімшілігінің қатысуымен жиналыс өтті.

29 қыркүйек күні мектебімізде **«Су тасқыны қауіп туындаған жағдайда оқу - жаттығу жүргізу»** бойынша оқу – жаттығу жұмысы жүргізілді. Оған педагогтар – 38, қызметкерлер саны – 40, оқушылар саны – 230.

2023 жылдың 3 қазан күні мектебімізде 5 қазан Ұстаздар мерекесіне орай **«Дублер күні»** өткізілді. Яғни, оқушыларымыз бір күн мұғалім болып сабақ берді. Мектеп директоры, тәрбие, оқу орынбасарлары орнына отырып өздерінің мұғалімге деген құрметін сезінді.

5 ҚАЗАН – Ұстаздар күніне орай мектебімізде **«ҰСТАЗ АТЫ БИІК ӘРІ МӘңГІЛІК»** тақырыбында мерекелік жиын өткізілді. Ұстаздардың төл мерекесі қарсаңында ҚР Оқу – ағарту министрі Ғани Бектайұлы Бейсембаевтың мектеп ұжымына жіберген Алғыс хаты табыс етілді. Мерекеге ардагер ұстаздар шақыртылып, өздерінің шәкірттерге ыстық лебіздерін білдіріп, ұжымға ақ батасын берді. Жиын соңында ардагер ұстаздарымызға сыйлықтар таратылды.

16 қазан күні **«Төрт тоқсан – төрт өнер»** жобасы аясында «Айтыс құдіретті өнер» тақырыбында 5-11 сынып оқушылары арасында ашық танымдық сабақ өтті. 11 сыныптан Абат А, 6 сыныптан Төлеген Е, 5 сыныптан Қалдыбек Қарақаттар өз өнерлерімен ерекшеленіп, марапатқа ие болды.

Басықара ауылдық клубымен бірлесе отырып 19 қазан күні мектептегі 8-9 сыныптар арасында ер балалармен салт дәстүрлермен баталы сөздерді насихаттау, дәріптеу мақсатында **«Аталар сөзі – ақылдың көзі»** тақырыбында салт – дәстүрге байланысты сұрақ – жауап ұйымдастырылды.

2023 жылдың 19 қазан күні мектебімізде **«Қызғалдақ»** қыздар ұйымының жиналысы болды. Жиналыс «Қызға қырық үйден тыю» тақырып бойынша өтіп, қазіргі таңда

жасөспірімдер арасында белең алып жатқан келеңсіз оқиғалар, әлімжеттілік пен бұзақылық, ерте жүктілік пен зорлық – зомбылық туралы және түнгі мезгілде көшеде жүрмеу, мектептің ішкі тәртіп ережесін сақтау, мектеп формасын сақтау мәселелері бойынша айтылды.

21 қазан күні Мектеп Парламентінің Президентін сайлауы болып өтті. Сайлауға 3 үміткер түсті. 8-11 сынып оқушылары арасында үгіт – насихат жұмыстары жүргізіліп, қорытындысында 10 сынып оқушысы Мейрімжан Зере Нұрланқызы 69 дауыспен **«Мектеп Парламенті»** сайлауында жеңіске жетті.

«25 қазан – Республика күні мерекесіне орай» мектепішілік іс – шаралар жоспарына сәйкес **«Қазақ елі Менің - Отаным»** тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Сонымен бірге ҚР Мемлекеттік Әнұранын орындау челленджі болып, оқушылар аулада барша Қазақстандықтарды Республика күнімен құттықтау үндеуін жолдады.

23 қазан күні «Қазалы ауданы білім бөлімі» КММ аудандық прокуратура, полиция мен білім бөлімінің өкілдерінің қатысуымен білім беру ұйымдарында нашақорлықтың алдын алу профилактикалық шараларын ұйымдастыру, ақпараттық – танымдық біліммен қамтамасыз ету шаралары жүргізіліп, 8-11 сыныптарға арнайы бейнероликтер көрсетілді.

24 қазан күні мектебімізде Республика күніне орай **«Қыран елім - Қазақстаным»** тақырыбында эссе байқауы өткізілді.

«Нашақорлыққа жол жоқ!» Мектеп Парламентінің «Спорт және салауатты өмір» фракциясы **«Есірткісіз өмір ғажайып»** тақырыбында сурет салды.

«Тәуелсіз елдің ұлдары» тақырыбында АӘД пәнінің мұғалімі Нұрбай Жәнібек 9-11 сынып оқушылары арасында әскери патриоттық сайыс өткізді. Сайыстың 5 шарты бойынша сынаққа түскен үш команданың арасынан 11 – сыныптың командасы жеңімпаз деп танылды.

27 қазан күні мектебімізде 8-11 сыныптар арасында **«Күзгі балл - 2023»** байқауы өткізілді. Байқау нәтижесінде 10 – сынып оқушылары Амантай Нұрсаят пен Болатқызы Балауса **«Күз ханзадасы мен ханшайымы - 2023»** атанды.

Оқушылардың күздік демалысын ұйымдастыру мақсатында мектепішілік 30 қазан мен 5 қараша аралығында **«Күздік демалыс»** іс-шарасы жасалынып, жоспары бекітілді. Іс – шара барысында 30 қазан күні 5а-5б сыныптармен **«Даналық мектебі»** жобасы аясында **«Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет»** тақырыбында аталармен кездесу сағаты өткізілді.

31 қазан күні 6-сынып оқушылары арасында **«Ата-анаммен өткізген бір күнім»** челленджі ұйымдастырылды. Сынып жетекшісі Ахметова Мархаббат.

1 қараша күні 10 сынып оқушыларымен **«Суицид – қоғамдағы ірі проблемалардың бірі...»** тақырыбында оқушыларға түсіндірме жұмысын өткізді. 2 қараша күні 1-4 сыныптар арасында **«Жеткіншектің жеті жарғысы»** жобасы аясында **«Бес нәрсеге асық бол...»** тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Ата – аналарды педагогикалық қолдау орталығының бағдарламасын іске асыру бойынша 1 қараша күні 1-4 сынып ата – аналарымен алғашқы сабақ **«Отбасы – бақыт бесігі»** тақырыбында тренинг – сабақ өтті. Сабақ барысында мектебіміздегі арнайы маман Жүніс Жәния **«Оқу мен жазу бұзылыстары бар және есте сақтауы, қабылдауы төмен оқушылармен жүргізілетін тиімді әдіс - тәсілдер»** тақырыбында ата – аналарға түсіндірме жұмысы мен тренинг өткізді. Сабаққа ата – аналар өте риза болып, қызығушылықтарын танытты.

2 қараша күні 5-9 сыныптар ата – аналары арасында **«Баланың бас ұстазы – ата - ана»** тақырыбында тренинг – сабақ өтті. 5 – 9 сынып жетекшілері ата – аналармен алғашқы сабақты жаңа форматта өткізді. Ата – аналар ризашылығын білдірді. Сонымен бірге 10-11 сынып ата – аналарымен бірге **«Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу...»** тақырыбында сабақ өтті. Сынып жетекшілері ата – аналармен психологиялық ахуалды жақсарту мақсатында қызықты **«Сәлемдесу», «Ашулы шар», «Мені көзімнен тап», «Жүрек жылуы»** ойын – жаттығуларын өткізді.

3 қараша күні 7-8 сыныптар арасында **«Әкем айтқан нақыл сөз»** тақырыбында танымдық сағатын өткізді. 11 сыныптармен **«Менің бизнес идеяларым»** атты сынып сағаты өткізілді.

9а – 9б сыныптарымен **«Буллинг құрбаны - жасөспірімдер»** тақырыбында буллингке қарсы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сонымен бірге оқушылардың арасында құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында түнгі кезекшілер тобының жұмыстары ұйымдастырылды.

2023 – 2024 оқу жылында мектебімізде **«Күзгі балл - 2023»** байқауы өткізілді. Бұл байқауға 8-11 сыныптар қатысты. Байқауға қатысушылар төмендегі кезеңдер бойынша бақ сынады:

Таныстыру, Өз өнерін көрсету, Ерте ерте ертеде, Күзгі дастархан, Сұрақ – жауап, Күзгі сән үлгісі. Қазылар алқасының шешімі бойынша өзгелерден оза шауып, көрермен көзайымы бола білген 10 сынып оқушылары Амантай Нұрсаят пен Болатқызы Балауса **«Күз ханзадасы мен ханшайымы - 2023»** атанды. Сайысқа қатысушы өзге де жұптар арнайы сыйлықтар мен дипломдармен марапатталды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру мақсатында күзгі демалыс кезінде **«Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз»** атты іс-шарада № 182 мектеп кітапханасы ұйымдастырған 5 сынып оқушыларының оқыған кітаптары ұсынылды.

«Балалар кітапханасы жобасы» аясында, оқуға құштар мектеп бағытында «Бір ел-бір кітап» акциясы барысында «Менің сүйікті кітабым» тақырыбында мектеп кітапханасы буктрейлер ұйымдастырды. Буктрейлердің мақсаты: оқушының кітап оқуға қызығушылығын арттыру, есте сақтау қабілетімен, сөйлеу мәнерін қалыптастыру. 6 сынып оқушылары жасаған буктрейлер ұсынылды.

14 – 15 қараша күндері «Қатыгездік пен зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» Республикалық ақпараттық науқан аясында педагог-психолог Айғабыл Сәнімкүл 5-10 сыныптар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, сауалнамалар алды.

«Мен зорлық – зомбылыққа қарсымын» тақырыбында 6 сынып оқушыларымен Ахметова Мархаббат ашық тәрбие сағатын өткізді.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» бағытында «Кітапхана – әлем қызығы» тақырыбында мектеп кітапханасы 15 қараша күні 1^{а,б} сынып оқушыларымен кітапханаға саяхат ұйымдастырылды. Барлығы 34 оқушы қатысты.

«АСЫҚ АТУ» ЧЕЛЛЕНДЖІ 2023 жылдың 17 қараша күні «9 айға 9 іс-шара» жобасы аясында ұлттық дәстүрді және ойынды дәріптеу мақсатында республикалық «Асық ату» челленджі өткізілді. Челлендж барысында білім алушылар «Бес асық», «Бес табан», «Ханталапай» ойындарын ойнады. Челленджді дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Алдажаров Бақытжан ұйымдастырды.

«Нағыз қазақ - домбыра». «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жоспарына сәйкес, қараша айының 20-сы күні домбыра күні өткізілді. Біздің мектебімізде домбыра құлағында ойнайтын оқушылар көп. Бұл күні оқушылар өздеріне ұнайтын күйлерін ойнап, бір – бірімен күй тартудан жарысты.

20 қараша – Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне орай 9а, 9 б сынып жетекшілері Алдажаров Бақытжан мен Баймағанбетова Жанар «Буллинг және кибербуллинг, Лудомания» тақырыптарында түсіндірме жұмысын жүргізді және сонымен қатар жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларының алдын алу, сынып ұжымын сыйластыққа, бір – біріне қолдау көрсете білуге байланысты толық түсіндірме жұмысы жасалды.

23 қараша күні 8-11 сынып қыздар арасында **«Ерте жүктіліктің алдын алу, әлеуметтік желілер, түрлі алданулар»** тақырыбында қыздар жиналысы болды. Қыздар арасында болып жатқан келеңсіз оқиғалардың алдын алу және ерте жүктілік, оның денсаулыққа қаншалықты зияндылығы жөнінде айтылды. Қыздар жиналысына сынып жетекшілері қатыстырылды.

20 – 24 қараша күндері «Өз құқығыңды білесің бе?» апталық аясында 5-11 сыныптар арасында сынып сағаттары өткізілді.

Мақсаты: өз құқықтарының білуі, балаларды зорлық – зомбылық пен қатігездік құрбаны болмаудың алдын алу.

«ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ DAY». «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында тоғызқұмалақтан сынып оқушылары арасында түсіндірме жүргізіліп, тоғызқұмалақ ойыны ойнатылды. Дене тәрбиесінің мұғалімі Пірназаров Талғат жетекшілік жасап, оқушыларға тоғызқұмалақтың қыр сырын түсіндірді.

«Оқуға құштар мектеп» бағытымен «Балалар кітапханасы» жобасы аясында ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 130 жыл толуына байланысты мектеп кітапханасы «Ізгілікке қалам тартқан жас ғұмыр» тақырыбында поэзия кешін өткізді. Кеште оқушылар ақын өлеңдерін мәнерлеп оқыды. «Шығамын тірі болсам адам болып», «Мен қазақ», «Шәкірт ойы», т.б. Кеш қорытындалып, оқушыларды «Алғыс хатпен» марапатталды.

Қараша айының 28 күні мектебімізде **«Білім мен тәрбиенің баспалдағы - бастауышта»** атты аудандық семинар өтті. Семинар көрмеден басталып, оқушылардың жасаған бұйымдары таныстырылды. Көрмені дайындаған көркем еңбек пәнінің мұғалімі Ағыбаева Жаңагүл. Бұдан кейін директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Нурмағанбетова Жанар «Даналық мектебі» аясында «Отбасы құндылығы – бала тәрбиесінің негізі» тақырыбында жоба қорғаса, бастауыш пән мұғалімі Байденес Алтын «Әке көрген оқ жонар» тақырыбында әкелер одағымен жұмыс көрсетті. Сонымен бірге семинар барысында **«Мектеп театры»** жобасы аясында бастауыш пән мұғалімі Мырзатаева Жаңыл дайындаған «Балаңды тәрбиелегің келсе, өзіңді тәрбиеле» атты сахналық қойылым қойылды.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Бабалар салған ізбенен ...» тақырыбында 6 сынып оқушыларымен ашық тәрбие сағаты өткізілді. Сынып жетекші Ахметова Мархаббат және Қорқыт ата атындағы университетінің студенті іс- тәжірибе жинақтаушы Айжарықова М.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» қараша айындағы жоспарыны сәйкес сынып жетекшілер мен мектеп парламенті және «Жасұлан» ұйымының ұйымдастыруымен 5-7 сыныптар арасында **«Біз темекі шегуге қарсымыз»** тақырыбында спорттық сайыс өткізілді. Сайыс соңында жақсы нәтиже көрсеткен сыныптарды мектеп әкімшілігінің Алғыс хатымен марапатталды.

2023 жылдың 5 желтоқсан күні 8-11 сынып оқушыларына құқықтық тәрбиенің өмірлік қажеттілігін түсіндіріп, құқықтық тәрбиенің қоғамда маңызы зор екендігін ұғындырып, құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында **«Құқық бұзушылық және заңды жауапкершілік»** және кибербуллинг, буллинг тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен бірге педагог – психолог Айғабыл С оқушылардың құмар ойындарының адам психикасына зиянды әсері туралы түсініктерін кеңейту мақсатында **«Лудомания – адамзаттың індеті»** тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізсе мектеп медбикесі Сансызбаева Н **«Нашақорлыққа жол жоқ»** тақырыбында есірткі заттарының адам ағзасына, өміріне аса қауіптілігін ұғындыра отырып, саналы да салауатты өмір сүруге шақырды.

«АҚПАРАТТЫҚ ДАЙДЖЕСТ». Мектебімізде оқушылар арасындағы ұлттық нышандарды дәріптеу мақсатында **«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** аясында «Бұрымды қыз» челленджі ұйымдастырылды. 5 - 6 сынып оқушылары сынып жетекшілері Ахметова М, Кенжебай А.

7 желтоқсан күні **«Төрт тоқсанға – төрт өнер»** жобасы аясында ұлттық дәстүрді және ойынды дәріптеу мақсатында «Асық ату» сайысы өткізілді. Сайыс барысында 5-7 сынып оқушылары «БЕС АСЫҚ», «БЕС ТАБАН» ойындарын ойнап, жарысты. Жеңіске жеткен оқушылар жүлделі орындармен марапатталды.

«ТІЛ МЕН ТАРИХ ТАМЫРЛАС» 2023 жылдың желтоқсан айының 8-і күні мектебіміздегі «Сахна және балалар» мектеп театрының жетекшісі Пірназарова Жадыра **«Жеткіншектің жеті жарғысы»** жобасы аясында 3 – 11 сынып оқушылары арасында «Тіл мен тарих тамырлас» атты сахналық қойылымдар сайысын өткізді. Оқушылар Қазақстан тарихындағы айтулы оқиғалардан үзінді қойды. Қойылымдар өте әсерлі өтті. Әсіресе 5-6 сынып оқушылары қойған «Елім - ай», желтоқсан құрбандарын бейнелеген көріністер сәтті шықты. Рөлдерін өте жақсы ойнап шыққан оқушылар марапатталды.

«Тәуелсіздік – ел бақыты» тақырыбында 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай іс-шаралар жоспарына сәйкес 1-4 сынып оқушылары арасында «Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз» тақырыбында суреттер салудан сайыс өткізілді. 5-6 сынып оқушылары «Мен Тәуелсіз елдің ұланымын» тақырыбында өз құттықтауларын жолдады. Сынып жетекшілер Ахметова М, Асанов Е, Кенжебай А. Сонымен бірге «Менің Тәуелсіздігім, сені жырлағым келеді» тақырыбында мектеп парламент мүшелері өз тілектерін білдіріп, үн қосты.

Мектебімізде 2023 жылдың желтоқсан айының 22 –сі күні «Қош бол, Әліппе» атты әліппемен қоштасу іс-шарасы өткізілді. Сабақ барысында оқушылар 4 айда білім алған Әліппе оқулығына алғыстарын білдіріп, ән айтып, би билеп, ата-аналар мен мұғалімдерге жақсы көңіл-күй сыйлады.

27 желтоқсан күні мектебімізде 1-4 сыныптар мен даярлық сынып бүлдіршіндерге арналған Жаңа жылдық шыршасы өтті. Мерекелік шарада Аяз ата мен Ақшақарды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алған бүлдіршіндер ән-жырдан шашу шашып, би билеп, өнерлерін ортаға салды. Сонымен бірге аталған іс-шара 5-9 сыныптар мен 9-11 сыныптар арасында өз кезеңімен аталып өтті.

2023 жылдың 27 – 28 желтоқсан күндері 1-4 сыныптар мен және 5-11 сыныптарға ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында ІІ оқу тоқсанының қорытындысы, оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, каникул күндеріндегі су, мұз, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мереке күндерінде пиротехникалық құралдарды қолдануға тыйым салу және кәмелетке толмағандардың түнгі беймезгіл уақытта заңды өкілінсіз жүру, нашарлық, буллинг, зорлық – зомбылықтың алдын алу мәселелері айтылды.

2023 – 2024 оқу жылында мектебімізде **"МЕН ОҚЫДЫМ ЖӘНЕ СІЗГЕ КЕҢЕС БЕРЕМІН"**

Облыстық оқу орталығының 11.01.2024 жылғы санды хатына сәйкес кітап оқуды насихаттау мақсатында, "Мен оқыдым және сізге кеңес беремін" библио-кросс. Балалар кітапханасы жобасы аясында "Мен оқыдым және сізге кеңес беремін" тақырыбында №182 орта мектеп кітапханасы библио-кросс дайындаған едік.

Мақсаты:

Ақын-жазушылардың шығармаларын дәріптеу арқылы, жас ұрпақты парасаттылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу, адамды адамзатқа айналдырған кітап атты ұлы құдіреттің асыл қасиетін жас ұрпақтың жүрегіне жеткізу, авторлар мен көркем шығарманың жан-жақтылығын көрсету. Оқырманның тұлғалық өсуіне ықпал ету, оқу сауаттылығын арттыру. Оқушылар оқыған кітаптарының мазмұнына шолу жасап, оларды оқуға ұсынды. Назарларыңызға осы тақырыптағы бейнероликті ұсынамын.

ҚЫСТА КІТАП ОҚИМЫЗ

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының "Оқуға құштар мектеп" пен мектеп кітапханасы жобасын іске асыру мақсатында қысқы демалыс кезінде «Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз» атты іс-шараларды ұйымдастыруға арналған әдістемелік ұсынымдары аясында Басықара ауылындағы N182 орта мектептің 5 "Б" сынып оқушыларының қысқы демалыста оқыған кітаптарынан үзіндіні ұсынамыз!

ДЕБАТ

Қаңтар айының жоспарына сәйкес мектебіміздің дебат клубы және мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «Бұл палата Қазақстанда қарттар үйі болмауы керек деп есептейді?» тақырыбында мектепшілік дебат ойыны өткізілді.

Сайыста 9"а" және 9"б" сынып оқушыларының «Парасат» және «Зерде» фракциялары қатысып екі топ өздерінің жинақтаған материалдарын, ұтымды дәлелдерін келтіре отырып ойынды жоғарғы деңгейде өткізді. Оқушылар ойларын ашық жеткізе алды.

Мақсаты: оқушылардың бойында еркін сөйлеу, сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру.

ТӨРТ ТОҚСАНҒА ТӨРТ ӨНЕР

“Төрт тоқсанға төрт өнер” жобасы аясында “Ұлттық өнер” көрмесіне 5 "б" сынып оқушылары арасында “Қағаздан жасалған бұйымдар” бөлімі бойынша “Аппликация”. “Квиллинг” тақырыбында қағаздан әртүрлі бұйымдар жасады. Оқушылар қауіпсіздік ережесін сақтай отырып, аппликация, квиллинг тәсілдері арқылы әдемілікті сезіне білді. Аппликация және квиллинг жұмыстарын өте әдемі жасады.

Басықара ауылындағы №182 орта мектепте 10-11 сынып оқушылары арасында "Мен болашақ сарбазбын" атты әскери-патриоттық сайыс өтілді. 5 бағдарламадан тұратын бұл сайыста 1 орын иемденген 11 сыныптың "Айбын" командасы, 2 орын иемденген 10 сыныптың "Тұлпар" командасы, 3 орынды 11 сыныптың "Қыран" командасы марапатталды.

"ДОСБОЛЛІКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН" АКЦИЯСЫ

Бүгін Басықара ауылындағы 182 орта мектепте «ДОСБОЛЛІКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН» акциясы бастау алды. Акция 17 қаңтар-17 ақпан аралығында өтеді. Акцияның мақсаты: "Мектеп ортасында жасампаз ұжымдық шығармашылық негізінде позитивті қатынастарды қалыптастыру үшін жағдай жасау". Акцияның ашылуына мектеп әкімшілігі, мектеп президенті мен ата-аналар қатысып, акцияға қатысушыларға сәттілік тіледі.

СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСУ КЕШІ ӨТТІ

2024 жылдың 16 қаңтар күні Басықара ауылындағы №182 мектебінде директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары Ағыбай Асылбектің және «Өзін - өзі басқару» ұйымы мен жасұландықтардың ұйымдастыруымен «Профи Time» мамандықтар әлемінде тақырыбында студенттермен кездесу кеші болып өтті. Мақсаты - оқушыларға мамандықты дұрыс таңдауда бағыт - бағдар беру, адам өмірінде мамандықтың алатын орны, маңызы туралы және қазіргі уақытта сұранысқа ие мамандықтар, болашақтың мамандықтары туралы түсінік қалыптастыру. Кездесу кешіне жоғары оқу орындарында білім алып жатқан студенттер, 9,10,11 - сынып оқушылары қатысты. Кездесу барысында қызықты ойындар ұйымдастырылды. Жоғары сынып оқушылары студенттерге өз сауалдарын қойып, мамандықтың қыр - сыры туралы кеңінен мағлұматтар алды. Кеш барысында мектебіміздің Алтын белгі иелері, 2023 жылғы түлектері Әбдіхалымов Абылайхан, Шалабай Диана, Серікбай Мерей оқушыларға Ұлттық бірыңғай тестілеуге тиімді дайындалу жолдарын айтып, өз тәжірибесімен бөлісті. Кеш соңында студенттер өз өнерлерін көрсетіп, ақпактілектерін білдірді.

"Достық қолын ұсын"

Қазалы ауданы Басықара ауылы #182 орта мектепте психологиялық тренинг өтілді.

Тренинг тақырыбы: "ілгіш" жаттығуы. Мақсаты: Өз бойындағы қорқыныш сезімдерін жеңуге көмектесу. Жеңіске жетуге талпындыру.

Бітіруші түлектерге жүйке жүйесіне түсетін күшті жеңудің қарапайым психологиялық әдістерін үйрету.

«АҒАСЫ БАРДЫҢ-ЖАҒАСЫ БАР»

Мектебімізде 31 қаңтар «Даналық мектеп» клубы, «Ағалар мектебінің» жоспарына сәйкес «Ағасы бардың – жағасы бар» байқауы өтті. Байқауға 6-11 сынып оқитын бауырлар қатысып, жалпы 4 жұп 5 кезең бойынша өз бақтарын сынады:

1. Өзге емес өзім айтам, өз жырымды (таныстыру)
2. Өз өнерін көрсету.
3. Отбасыммен өткен бір күн.
4. Мен ініме не үйретемін?
5. «Білегіңе сенбе, біліміңе сен» (ұл балаға қатысты салт-дәстүрлер бойынша сұрақ-жауап)

Байқаудың мақсаты:

аға қамқорлығын насихаттау, аға мен іні арасындағы қарым-қатынасты нығайту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, «Ағалар мектебінің» жұмысын жандандыру.

"ДОСБОЛЛІКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН" акциясы бойынша интеллектуалдық сайыс өткізілді.

2024 жылдың 26 қаңтарында 5-7 сыныптар арасында интеллектуалдық сайыс өткізілді.

Сайыс:

ТАНЫСТЫРУ (топтың аты, ұраны)

ЖЕКПЕ ЖЕК(байырғы өлшем бірлік мағынасы)

ЖАМБЫ АТУ(қасиетті сандар)

ТЕҢГЕ АЛУ(байырғы есептер шығару)

АУДАРЫСПАҚ(мақал- мәтел құрастыру)

ШАБЫТ(өлең құрастыру) кезеңдерінен тұрды.

Сайысты ұйымдастырған мектебіміздің математика пәнінің мұғалімдері Әбілова Жаңылған, Ахметова Мархаббат, Асанов Есбол. Сайыс нәтижесінде жоғары ұпаймен 5"б" сыныбынан құралған "БОЛАШАҚ" тобы 🏆 орын, 6 сыныптың "ҮЗДІКТЕР" 🏆 орын, 7 сыныптың "ЖАЛЫН" тобы 🏆 орынды иеленді. Сайысқа қатысқан командалар дипломдармен, белсенді қатысқан оқушылар сыйлықтармен марапатталды.

ҚАЗАҚ ЕСЕБІ челленджі

Басықара ауылындағы №182 орта мектебінде 2024 жылдың 26 қаңтар күні "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында бір уақытта Асқар Жұмаділдаевтың ұсынған есептерін шығаруды қамту мақсатында "Тоғыз айға тоғыз іс - шара" жоспарына сәйкес "Қазақ есебі" челленджі ұйымдастырылды.

Ұлттық қазынамыздың бірі - қазақтың байырғы қара есептері. Мектебімізде математика пәні мұғалімдері бірлесіп 5-7 сыныптар арасында "Қазақ есебі" интеллектуалды сайысын өткізді.

Байырғы ұлттық ерте замандағы тұрмыс салты әлеуметтік өмірі мен мәдениеті және басқа сипаттары туралы аса құнды ақпараттар алуға болатын есептермен таныстырды.

ҚЫЗДАР ЖИНАЛЫСЫ ӨТКІЗІЛДІ

Басықара ауылындағы №182 орта мектебінде 2024 жылдың 23 қаңтар күні ДТЖЖО Ж.Нұрмағанбетованың ұйымдастыруымен мектептегі "ҚЫЗҒАЛДАҚ" қыздар ұйымымен дөңгелек үстел өткізілді. Бүгінгі қозғалған тақырып: "Салауаттылық – салтымыз". Жиналыс барысында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жанар Нурмағанбетова бүгінгі таңда жасөспірімдер арасында орын алып жатқан зиянды әрекеттер оның ішінде «электронды темекінің» зияны туралы айтып өтті. Оның құрамының жас ағзаға зиян екенін, адам ағзасында қауіпті ауруларды тудыратындығына тоқталды. Мұндай қиындықтарды адам өз ағзасында қалыптастырмау үшін темекіден аулақ болу керектігін де айтып өтті. Мектеп психологі С. Айғабыл салауатты өмір салтын ұстану үшін алдымен өзіміздің тамақтану режимімізді дұрыстау керектігін, адам ағзасының өсу мен дамуына тамақтанудың маңызды рөл атқаратынын айтты. Мектеп медбикесі Н. Сансызбаева адам өміріне ең зиянды әдеттердің бірі нашаға деген құмарлық туралы айтты.

"ДОСБОЛІКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН" АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА

#ЕҢКӨПОҚИТЫНСЫНЫП БАЙҚАУЫ ӨТКІЗІЛДІ

"Оқуға құштар мектеп" мемлекеттік жобасын дамыту мақсатында және "Балалар кітапханасы" жобасы аясында №182 орта мектеп кітапханасының ұйымдастыруымен "Ең көп оқитын" сынып байқауы өткізілді.

Байқаудың мақсаты:

Оқушыларды білімділікке үйрету, кітап оқуға саналы түрде баулу.

Өз беттерімен ізденуге тәрбиелеу.

Оқырманның әдеби кітапқа қызығушылығын арттыру.

Байқауға 5"б"-сыныбы, 6-сынып, 7-сынып оқушылары және мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жанар Нұрмағанбетова қатысты.

Байқау шарттары бойынша 1.Таныстыру 2."Жақсы кітап-жан азығы"(кітап жарнамалау).

3."Бейнелер әлемі шақырады"бұл кезеңде бір образды сомдау арқылы актерлік қабілетін көрсетеді. 4."Кітап үйі-кітапхана" бейнебаян (кітап оқу тәсілдерін көрсету).Осы төрт кезең

бойынша сыныптар өздерінің білімділіктерін, кітап жарнамалауда автормен,оның шығармасының мазмұнына шолу жасады.Образды сомдауда актерлік шеберліктерін,кітап оқудағы тәсілдерін көрсетті.Байқау қорытындысымен 6-сынып І- орынмен 🏆, 5-сынып ІІ- орынмен 🏆, 7-сынып ІІІ -орынмен 🏆 марапатталды.

"ШУАҒЫН ШАШҚАН ӘЖЕЛЕР"

Әже өнегесі – ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы құндылық, тәрбиенің қайнар көзі.

Әже алдын көріп, тәлімін алған, тарихта есімі қалған ұлылар көп. Зере әжесінің зерделі аңыз-әңгімелері мен жыр-дастандарын тыңдап өскен бала Абай дана Абайға айналды.

Ал Айғанымдай әженің тәрбиесін алған Шоқан қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдызы болды. Бұдан өзге Біржан сал, Мұхтар сынды қазақтың біртуар азаматтары да әженің тәрбиесін көріп, әженің алақанынан түлеп ұшқан. Яғни, қазақтың нар тұлғалы азаматтарының көбі әже мектебінен сусындап өскен адамдар.

Әже мектебін көргендерді бауырмал мінезінен танимыз. Қандай қызметте, қандай лауазымды атқарып жүрсе де әже мектебінен шыққандар бойындағы айрықша жылылығынан кімнен тәрбие алғанын білдіріп тұрады.

Мектебімізде Ата- аналарды педагогикалық қолдау орталығының «Даналық» мектебінің бір бөлімі «Әжелер» мектебінің жоспарына сәйкес қаңтар айында «Шуағын шашқан әжелер» тақырыбында жасұландармен жұмыс жүргізілуде.

Мақсаты:

жасөспірім қыздарға бағыт - бағдар беру, оларды имандылыққа баулу, дін мен дәстүрді сабақтастырып түрлі шаралар ұйымдастыру;

әжелердің бала тәрбиесіндегі рөлінің жоғары екенін көрсету;

қазақ халқындағы "әже" ұғымының қасиетін балаға түсіндіру.

ПАРАСАТТЫЛЫҚ ТУРАЛЫ

Басықара ауылындағы N182 орта мектебінде 15 қаңтар күні 5-11 сыныптарда

"Парасаттылық туралы" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты:

Оқушыларды айналадағы адамдар мен рухани құндылықтар негізінде қарым- қатынас орнату қабілеттерін дамыту;

Ізгілікке және адамгершілікке баулу.

ТӨРТ ТОҚСАНҒА ТӨРТ ӨНЕР

"Төрт тоқсанға төрт өнер" жобасы аясында Басықара ауылындағы N182 орта мектептің көркем еңбек пәнінің мұғалімі Ағыбаева Жаңагүл 6-сынып қыздар арасында "Тоқыма бұйымдарын тоқу" барысында ыстық ыдысқа арналған сүлгіше, телефон қаптамасын т.б әртүрлі бұйымдардың тоқылуын үйретті.

Мақсаты:

қыздарды ептілікке, шеберлікке, тазалыққа тәрбиелеу;

тоқыма тоқу арқылы түрлі-түсті бояулар үйлесімділігін, түрлі тоқу әдістерін меңгерту;

оқушының талғамын, ой-өрісін жетілдіріп, көркемдікті сезіну қабілетін дамыту.

АТА-АНАЛАРМЕН ТРЕНИНГ ӨТКІЗІЛДІ

Басықара ауылындағы N182 орта мектебінде 2023 жылдың 28-і қаңтар күні 5-11 сынып ата-аналарына психолог Санімкул Айғабыл "Жүрек жылуы" тренинг өткізіп, сауалнамалар алды.

Мақсаты: бала тәрбиесі дамуындағы басты рөл атқарушы - отбасы. Сондықтан ата-ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау, өзін-өзі тануына бағыт беру, тәрбие жайлы пікір алмасу.

ДОСБОЛЛІКЕ: "ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН "

ДАРАБОЗ

№182 орта мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылындағы 17 қаңтар- 17 ақпан аралығында «ДосболLike: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН» акциясы бойынша атқарылатын іс – шараға сәйкес ақпан айының 12-і күні, 10-11 сыныптар арасында «Дарабоз» зияткерлік сайысы өткізілді.

☞ Зияткерлік сайыстың мақсаты: оқушылардың әр салада білімдерін кеңейту, білім деңгейін, шығармашылық ізденісін байқау. Оқушыларды басқа пәндерден алған білімдерін өмірде пайдалануға үйрету.

→ Сайыс 4- бөлімнен тұрды.

• I. Жалпы сұрақ

- II. Логикалық сұрақ
- III. Киномузыкаквиз
- IV. Қазақ ғалымдары

Зияткерлік сайыстың нәтижесінде 11- сынып 100 ұпай, 10- сынып -130 ұпай жинады.

I дәрежелі дипломмен 10 – сынып оқушылары марапатталды. II – дәрежелі дипломмен 11- сынып оқушылары марапатталды.

Ұйымдастырушылар: 10-11 сынып жетекшілері Бекет Тұрсынай, Жеткербаева Бекзат
АТА-ӘЖЕНІҢ БАЛАСЫМЫН"

№182 орта мектебінде 2024 жылдың қаңтар-мамыр іс шаралар жоспарына сәйкес ақпан айында бастауыш сыныптар аралығында "Ата-әженің баласымын" тақырыбында фото-челлендж ұйымдастырылуда. Фото-челленджге қатысушы 4 сынып оқушыларының отбасылық фотоларын ұсынамыз. Сынып жетекшісі: Ағыбаева Махаббат
Отбасындағы ата-әженің бала тәрбиесіндегі рөлін айшықтау.

"МЕНІҢ ТАТУ ОТБАСЫМ"

№182 орта мектебінде 2024 жылдың қаңтар-мамыр іс шаралар жоспарына сәйкес ақпан айында бастауыш сыныптар аралығында "Менің тату отбасым" тақырыбында фотобайқау ұйымдастырылуда. Байқауға қатысушы бастауыш сынып оқушыларының отбасылық фотоларын ұсынамыз. Сынып жетекшісі Мырзатева Жаңыл мен Ағыбаева Махаббат.
Отбасы - сүйіспеншіліктің құрмет пен ынтымақтастықтың ошағы, яғни кез келген зиялы қоғамның дінгегі.

Дінгегіміз аман болсын. Әрбір бала тату отбасында, ата мен әженің, әке мен ананың махаббатына шомылып өссін.

ДОСБОЛІКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН

Қазалы ауданы Басықара ауылы #182 орта мектептің арнайы педагогі Жүніс Жәнияның ұйымдастыруымен оқушылар арасында “Бірлігіміз жарасқан” атты тақырыпта тренинг өтті.
Мақсаты: оқушылардың бір-біріне қарым- қатынасын нығайту, достықтарын ұлғайту.

ДосболІКЕ

"Шеберлер қаласы"

Басықара ауылындағы N182 орта мектептің көркем еңбек пәнінің мұғалімі Ағыбаева Жаңагүл 6-сынып қыздар арасында “Тоқыма бұйымдарын тоқу” барысында ыстық ыдысқа арналған сүлгіше, телефон қаптамасын т.б әртүрлі бұйымдардың тоқылуын үйретті.

Мақсаты: қыздарды ептілікке, шеберлікке, тазалыққа тәрбиелеу;
тоқыма тоқу арқылы түрлі-түсті бояулар үйлесімділігін, түрлі тоқу әдістерін меңгерту;
оқушының талғамын, ой-өрісін жетілдіріп, көркемдікті сезіну қабілетін дамыту.

АТА - АНАНЫҢ АЛҒЫС ХАТТАРЫ

Білім беру ұйымдарында ақпан айындағы әлеуметтік желі бойынша іс - шара жоспарына сәйкес "АТА - АНАДАН АЛҒАУСЫЗ АЛҒЫС" хаттар шарасына 5-6 сынып ата-аналарының алғыс хаттары. Сынып жетекшілері: Ахметова Мархаббат, Асанов Есбол

ҚАНЫШ СӘТБАЕВ 125 ЖЫЛ

Басықара ауылындағы #182 орта мектепте Қазақтың академигі Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдық мерейтойын ұйымдастыру барысында 6 сыныптың жетекшісі Ахметова Мархабат "Қаныш- қазына" атты сынып сағатын өтті.

Академиктің өмірбаянымен таныстырып сөзжұмбақтар шешіп, түрлі сұрақтарға жауап беріліп оқушыларға тың мағлұматтарды насихаттады.

Сынып сағаты қорытындысы бойынша академик жайлы сұрақ-жауап берілді.

ҚЫС ҚЫЗЫҒЫ — СЫРҒАНАҚ

Басықара ауылындағы #182 орта мектепте "ДосболІКЕ: достық қолын ұсын" республикалық акция аясында мектебіміздің дене тәрбиесі мұғалімі Алдажаров Бақытжанның ұйымдастыруымен мектепшілік 5а, 5б, 6-7 сыныптар арасында "Қыс қызығы-сырғанақ" атты эстафеталық сайыс өткізілді. Сайысты мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж. Нурмаганбетова оқушыларға сәттілік тілеп, ашып берді.

Сайыс 2 кезеңнен тұрды:

1. Кім жылдам сайысы. Шанамен сырғанап жарысу

2. Аққала жасау сайысы.

Сайыс нәтижесінде:

1-орынды 7 сыныбы

2-орынды 6 сыныбы

3-орынды 5а 5б сыныбы иеленіп марапатталды.

Сайыс соңында Ұйымдастырушы педагог Ж.Пірназарова сайыс жеңімпаздарын жеңістерімен құттықтап, марапаттады. Бүгінгі іс-шараға атсалысқан сынып жетекшілерге және жанкүйер оқушыларға мың алғыс!

"ДОСБОЛЛІКЕ:ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН" акциясы аясында

БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН БАУЫРЛАР

Қазақ отбасында балалардың толық тұлға болып қалыптасуына әке, ата тәрбиесімен қатар ағаның алар орны да ерекше. Оны «Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар», «Үлкен тұрып, кіші сөйлегеннен без, аға тұрып, іні сөйлегеннен без», «Аға – орман, іні қорған», «Аға алдында пейіліңді, іні алдында мейіріңді көрсет», «Ағаның үйі ақжайлау» деген тағы басқа да халқымыздың мақал-мәтелдерінен-ақ аңғаруға болады.

Аталмыш шарадан оқушылардың отбасындағы әке мейірімі, аға қамқорлығына қанық болып тәрбиеленіп келе жатқанына көз жеткіздік.

Бала тәрбиесіне отбасындағы әр адам дәл осылай аса мықты жауапкершілікпен қараса, жас өрендеріміз ел үмітін ақтар үлкен азамат болып өсетініне сеніміміз мол.

Бауырларымыз аман болсын.

ДОСБОЛЛІКЕ

"Достық қолын ұсын"

Қазалы ауданы Басықара ауылы #182 орта мектепте психологиялық тренинг өтілді. Тренинг тақырыбы: "ілігіш" жаттығуы. Мақсаты: Өз бойындағы қорқыныш сезімдерін жеңуге көмектесу. Жеңіске жетуге талпындыру.

Бітіруші түлектерге жүйке жүйесіне түсетін күшті жеңудің қарапайым психологиялық әдістерін үйрету.

ДОСБОЛЛІКЕ

" Достық қолын ұсын "

Қазалы ауданы Басықара ауылы #182 орта мектепте психологиялық тренинг өтілді. Тренинг тақырыбы:"Кәмпит" жаттығуы. Мақсаты:Өзін-өзі бағалауды көтеру, мақсатқа бағыттау. Оқушылардың көңіл-күйін көтеру барысында қиыншылықтан арылту.Бір- біріне деген сергектік , адамгершілік қатынасын қалыптастыру.

ДОСБОЛЛІКЕ

"Достық қолын ұсын "

Қазалы ауданы Басықара ауылындағы #182 орта мектепте Психологиялық тренинг өтілді. Тренинг тақырыбы: "Сенім формуласы"."Бейдж" танысу жаттығуы. Мақсаты: Өзіндік бағалауын арттыру.

1 НАУРЫЗ — АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ!

Бүгін ерекше күн. Бүгінгі күн- тыныштық пен үндестіктің орнығуына негіз болған бейбітшілік пен келісім саясатының салтанатты күні.

Алғыс - адамның адамға жасаған жақсылығы, көмегі, көңілі үшін ризашылық білдіруі, сондай-ақ оның ойы мен іс-әрекетіне, жасаған істеріне жоғары баға беру. Осы орайда, еліміздің келешегі үшін тер төгіп, аянбай еңбек етіп жүрген ұлағатты ұстаздарға мың алғыс.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ - ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ БАСТАУЫ"

Ұлттың ұлт болып қалыптасуы ең алдымен ұлттық құндылықтарды дәріптеуден бастау алады. Ұлттық құндылықтарымыз – ұлтымыздың мәңгілік қорғаушы шамшырағы. Ұлттың қорғаны – бұл біздің ұлттық болмысымызды көрсететін тіліміз, дәстүріміз және рухани мұрамыз. Кезінде ата-бабаларымыз елімізді «ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен» қалай қорғаса, ұлттық болмысымыз бізді жаһандану секілді алып айдаһардан дәл солай қорғайтындай.

Мектебімізде ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында ақпан айының 29 күні Басықара ауылындағы N182 орта мектепте "БІРТҰТАС ТӘРБИЕ" бағдарламасы аясында "Даналық мектебі" жобасы негізінде "ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ - ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ БАСТАУЫ" тақырыбында 5-10 сынып ата-аналары арасында сайыс өтті.

Сайыстың шарты:

✿Таныстыру (топтың аты, эмблемасы).

✿Өзөнерін көрсету.

✿Ұлттық ойындар (асық ату, ләңгіойнау, күбіпісу, ұршық иіру).

✿Ұлттық тағамдар.

✿Сұрақ-жауап.

Сайысқа 5-6 сынып ата-аналарынан құралған "Дәстүр", 5а-9б ата-аналарынан құралған "Шаңырақ" тобы, "Қазына" 8-9 а ата-аналарынан құралған, "Елім-ай" 7-10 сынып ата-аналарынан құралған топтары қатысты.

Сайыс өтетін тәртібі, әрі қызықты өтті.

Ата-аналар сайыстың барысында қазақтың ұлттық салт-дәстүрінен көріністер көрсетті: бесікке салу, бастаңғы. Әнайтып, ұлттық билерін биледі. Қазақтың ұмыт бола бастаған тағамдарын жасап, көпшілікке таныстырды.

Сайыс соңында белсенді қатысқан төрт топқа номинациялар беріліп, дипломдармен, сыйлықтармен марапатталды. Сайысқа белсенді қатысқан барша ата-аналармен, сынып жетекшілерге алғыс айтамыз.

ТӨРТ ТОҚСАНҒА ТӨРТ ӨНЕР

"Төрт тоқсанға төрт өнер" жобасы аясында Басықара ауылындағы N182 орта мектептің көркемөнер бекетінің мұғалімі Ағыбаева Жаңагүл 9-сынып оқушылары арасында "Ұлттық өнер" ұйымдастырды. Оқушылар зергерлік бұйымдар, ұлттық киіз үй жобасын жасады.

Көрменің мақсаты: оқушылардың ұлттық өнерімізді ұмытпауға, естесактауға, үйренуге; қыздардың ептілікке, шеберлікке, тазалыққа тәрбиелеу; түрлі-түсті бояулар үйлесімділігін, тігу, ыстық клеймен жұмыс жасау әдістерін меңгерту; оқушының талғамын, ой-өрісін жетілдіріп, көркемдік тәсілдерін үйрену.

ТӨРТ ТОҚСАНҒА ТӨРТ ӨНЕР

"Төрт тоқсанға төрт өнер" жобасы аясында Басықара ауылындағы N182 орта мектептің көркемөнер бекетінің мұғалімі Ағыбаева Жаңагүл 8-сынып қыздары арасында "Ұлттық ою-өрнек элементтері бар халықтық киім үлгісін жасау" тақырыбында сабақ өткізді. Сабақ барысында оқушылар ұлттық киім, ұлттық киім түрлері, оюлар, түстері туралы ақпарат алды. Жасау жолдарын үйренді.

8 НАУРЫЗ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

#182 орта мектепте "Бәрі де, ана, бір өзіңнен басталады" атты 8 наурыз қарсаңында мерекелік шара өтілді. Шара барысында мектеп басшысы Гүлдәурен Бақытбергенұлы мерекелік шараны ашып беріп, Білім министрінің алғыс хаттарымен ардагер ұстаздарымызды құттықтады және ардагер ұстаз Таңмамбет Жетібай Сұлтанұлы мерекемен құттықтады. Сонымен қатар ұстаздар мен оқушыларды марапаттады.

Ержанова Саркыт, Бағила, Күләш ардагер ұстаздарымыздың жылы лебіздерін қабыл алдық. Кеш барысында ұстаздарымыз бен оқушылар ән шашуымен, арнауларын білдірді.

"8 наурыз - Халықаралық нәзік жандылар мерекесі"

Мереке қарсаңына орай, мектеп ұжымының ержігіттері аруларды мерекелерімен құттықтап, гүл шоқтарын таратты, әрі қарай мерекелік іс-шарамен жалғасын тапты.

Шара барысында ұстаздар өз өнерлерін ортаға салып, барша нәзікжанды ұстаздарымызға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Мереке құтты болсын құрметті аналармен, аяулы ұстаздар және арулар!

АЛ, КӘНЕКИ ҚЫЗДАР!!!

Көгілдір көктемнің шуақты мерекесі – 8 наурыз -әйелдер мерекесі, аналар мерекесі - әлемге және айналаңыздағы жандарға сіздер сыйлайтын мейірімділік пен ізгіліктің, сұлулық пен қамқорлықтың символы.

Осындай мерекеге орай 3 сынып жетекшісі Мырзатаева Жаңыл "АЛ, КӘНЕКИ ҚЫЗДАР" сайысын өтті. Әпкелеріміз, қыздарымыз, әріптестеріміз, сіздерге зор денсаулық, бақыт, амандық, толағай табыс тілейміз!

Әр күндеріңіз қуанышқа толы болсын!

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗДАН АЖЫРАМАЙЫҚ

Наурыз - ұлттық құндылықтар мейрамы.

Күн мен түннің теңеліп, жан-дүниені тірілтікен, шаруаның бір малы екеу болып, арқа-басы кеңіп, аққа аузы тиген, қытымыр қыстың ызғарынан құтылып, алдағы шуақты күндерден үміттендірген Наурыз мерекесі Тәуелсіз еліміздің зор ықыласпен тойланатын нағыз халықтық сипаттағы салтанатына айналды. Бұл мерекені тойлауды біздің мектебіміз ерекше дайындықпен бастады. Ұлттық құндылығымызды жоғалтпау үшін ата-анамен тұрақты қарым-қатынаста болуымыз қажет. Осы мақсатта жасалған жұмысымызды назарларыңызға ұсынамыз. Ата-ана, мектеп, бала арасындағы үштік одақ әрқашан бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болған жағдайда ұлттық құндылығымыз жойылмайды.

"ӘЖЕМ АЙТҚАН ЕРТЕГІ"

Халық ертегілері арқылы балалардың бойына адалдықты, елжандылықты, инабаттылықты, мейірімділікті, батырлықты қалыптастыру.

Мақсаты: Ертегі айту - ұлттық сана, ұлттық тәрбиенің өзегі әжелер мектебінің рухани құндылықтарын бала бойына сіңіру. Балалардың тұла бойына даналық, мейірімділік асыл қасиеттерін сіңірген әжелеріміздің аялы алақаны, сезімге толы сөздері, әлемдегі баға жетпес қасиетті сөздерін үйрету. Отбасылық ертегі оқу күніне орай №182 орта мектеп кітапханасы сіздерге "Әжем айтқан ертегі" тақырыбында 3-сынып оқушысы Шәкизад Аягөз әжесі Раймамен, 3-сынып оқушысы Әлдебай Қадір-Әли әжесі Ұлбосынмен, және 4-сынып оқушысы Қалдыбек Мерей әжесі Базаркулмен, 4-сынып оқушысы Қайрат Нарқыз әжесі Гүлшарамен айтқан аңыз әңгімені, ертегіні, ұмыт болып бара жатқан салт -дәстүрлерді назарларыңызға ұсынамын.

14 НАУРЫЗ – КӨРІСУ КҮНІ

КӨРІСУ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

№182 орта мектептің ұстаздары көрісу күнін атап өтті. Мектебіміздің 3 пәндер бірлестігінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында мектебімізді қазақы нақышта безендіріп, жасы үлкен ұстаздарымыз шашу шашып аналарымыз бауырсақ, құрт, ірімшіктерін ұсынып, мерекелік көңіл күйде қарсы алды.

Бүгін – Көрісу күні немесе «Амал» мерекесі. Көктемге аман-есен жеттік деп, үлкендерге сәлем беріп, құттықтап жатады. Жасы үлкендер кішілерге бата береді, ілтипат көрсетеді. Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі қарсаңында мұғалімдер мен оқушылар ұлттық киім киіп, қазақи құндылықтарымызды дәріптеуде.

НАУРЫЗНАМА. 15 НАУРЫЗ "ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ" КҮНІ

Наурыз – мейірім мен қайырымдылық мерекесі. 15 наурызда Қазақстан халқы «Қайырымдылық» күнін атап өтеді.

Бұл күн еліміздің халқын мейірімділік пен тату көршілікке шақырады. Мұқтаж жандарға қол ұшын созу, кімге болсын құшағын жайып, қонақжайлық көрсету – қазақтың қанында бар қасиет.

"Қайырымдылық" күніне орай балалардың жазғы демалысын қамтамасыз ету мақсатында "QH Жаздық жолдама - 2024" қайырымдылық жобасы бойынша "Қазақстан халқына" қоғамдық қоры тағайындаған жазғы демалыс жолдамасын Басықара ауылдық округінің әкімі Бекмамбетов Мұрат арнайы мектеп басшылығына табыстады.

Оқуда озат, білімде үздік болған оқушыларға арналған жазғы демалыс жолдамасы баршаңызға құтты болсын!

16 наурыз – Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні

❁ Қазақ салт-дәстүрге сүйене отырып, өзара қарым-қатынасын реттеп отырған, бір-бірін үнсіз түсініп, сыйласқан.

Қазақтың салт-дәстүрі ағайын, туған-туыс, көршілер арасында жақсы қарым-қатынастың қалыптасуына және ынтымақтастықта өмір сүруіне жол ашқан.

Мектебіміздің ата-аналармен бірлесе жасаған салт-дәстүрлер топтамасын назарларыңызға ұсынамыз.

❁17-наурыз — «ШАҢЫРАҚ КҮНІ»❁

Өз-Наурызды тойлаудың жаңа тұжырымдасына сай 17-наурыз «Шаңырақ күні». Бұл күн отбасылық құндылықтарды дәріптеп, өнегелі ұрпақ тәрбиелеген үлгілі отбасыларды насихаттау.

Қазақ мәдениетінде шаңырақтың қадір-қасиеті айрықша. Сүйіспеншілік пен құрмет, сенім, өзара көмек, мейірімділік, жанашырлық, анаға құрмет және ұрпақ сүю сияқты отбасылық құндылықтар берік орнаған.

Осындай ауылымыздағы үлгілі отбасылардың бірі, беделді ақсақал Шәкірат атамыз ұлыстың ұлы күніне арнап ақ тілегін айтып, бата берді.

❁18-наурыз - "ҰЛТТЫҚ КИІМ КҮНІ"

Бүгін – 18 наурыз - "Ұлттық киім күні". Ұлттық киім – бай, тарихи – мәдени мұра, оны зерттеу бізді өткен ғасырларды әдет –ғұрып, салт-дәстүр халықтың хал-ахуалынан кең көлемде жан –жақты хабардар етеді.

❁ Қазақ халқының киімі басқа ұлттардан өзгеше өзіндік қасиетке толы. Мұның басты себебі: қазақ халқының табиғат төсінде өсіп, еркін ғұмыр кешуімен байланысты.

❁ Қазақтың ұлттық киімдері негізінен ертедегі көшпенділер киімдерін еске түсіреді. Қазір өзіміз күнделікті киіп жүрген бірқатар киім үлгілері сақ дәуірінен бастау алады.

❁ Ұлттық киімге арналған бұл күн ата-бабамызды, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан әдет-ғұрыптарды еске алатын ерекше кезеңге айналады.

Бұл – халық рухының дамуын бейнелейтін ұлттық дизайнның көркемдігі мен қайталанбас өрнегіне тамсанып, бұл өнердегі бай мұраны зерттеп, одан шабыт алатын күн.

19-наурыз жаңару күні

ЖАҢАРУ КҮНІНЕ ОРАЙ 11 сыныптың қатысуымен "Бір тал ексең, он тал ек" — атты көшеттер отырғызу акциясы өтті.

"ЛУДОМАНИЯ-БОЛАШАҚТЫҢ ДЕРТІ"

Наурыз айының 19-ы күні N182 орта мектебінің 9-10 сыныптың мектепішілік дебат клубы мүшелерінің қатысуымен "Лудомания-болашақтың дерті" тақырыбында мектепішілік пікір сайыс өтті.

📌 Талқыланған қарар - "Бұл палата құмар ойыннан құтылудың, лудомания дертімен күресудің тиімді механизімін ұсынады"

Пікірсайысқа қатысушы спикерлер өзекті проблеманы шешудің жолдарын айтып, механизмдерін ұсынды.

Тартысты өткен пікір сайыс нәтижесінде оппозиция фракциясының спикерлері Қуандық Жанәділ мен Қожабек Нұрсәт жеңіске жетті.

Өздерінің түйінді сөздерінде "лудоманияға дерт ретінде қарап, емдеудің жолын іздестіруіміз қажет екені және уақытты жоғалтпай тездетіп қолға алуды ұсынды.

"ОҚЫРМАН АНА" ФЕСТИВАЛЫ

Мектебімізде мереке қарсаңында "Оқырман ана" фестивалі өтті. Фестивальдың мақсаты: "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында бірыңғай оқырман қауымдастығын қалыптастыру мақсатында ата-аналармен жұмыстың йымдастыру, ата-аналарды кітап оқуға тарту. Ата-аналар мен мектеп кітапханасы тығыз байланыста болып ынтымақтастық құру, өскелең ұрпақтың сауатты болуына септігін тигізу. Осы бағытта №182 орта мектепкітапханасы "Оқырманана" фестивалін өткізді. Фестивалға 5-6 сынып оқушыларының аналарымен, мектептің ұйымдастырушы педагогы Жадыра Пірназарова қатысты. Аналар өздерінің оқыған кітабының авторымен таныстырып, кітаптың мазмұнындағы

дамгершілікке,ізгілікке үндейтін, құндылықтарымызды насихаттап, оқиғалардың түйінін тарқатты.

Қорытынды кезеңінде ұйымдастырушы педагог Жадыра Пірназарова аналарға алғыс айтып "Ұшқыр ойлы оқырман ана " номинациясымен Күзембай Гүлнарды, "Озық ойлы оқырман ана" номинациясымен Кенжебай Айнұрды, "Жаңашыл оқырман ана" номинациясымен Айғабыл Сәнімкулді және "Ең үздік оқырман ана" номинациясымен Әбілова Жаңылғанды марапаттады. Аналар ерекше әсер алып тарқасты.

20-НАУРЫЗ - «ҰЛТТЫҚ СПОРТ» КҮНІ

Бүгін Наурызнама онкүндігінің жетінші күні. Бұл күн - Ұлттық спорт күні деп жарияланған. Ел ішінде өтетін кез-келген мереке ұлттық ойындарсыз өтпейді. Ең танымал спорттық шаралар олар бәйге, көкпар, аударыспақ, жамбы ату, теңгеге ілу, құсбегілік және тоғызқұмалақ, асық ату, садақ тарту.Осы ойындар арқылы көпшілік халқымыздың салт-дәстүрлерімен де таныса алады.Осы орайда оқушылар арасында ұлттық спорттардан сайыс өтілді.

20-НАУРЫЗ - «ҰЛТТЫҚ СПОРТ» КҮНІ

Дәстүрлі құндылықтарымыздың бірі және бірегейі - ұлттық спорт ойындарымыз. Зерттеулерге сүйенсек, көшпелі қазақ халқының дәстүрлі ұлттық спорт түрлерінің қоржынында 150-ге жақын ойындар бар екен. Ата-бабамыз ғасырлар бойы қалыптастырған құндылығымыз бүгінде өз жалғасын табуда. "Наурызнама" тұжырымдамасының 20-наурыз – «Ұлттық спорт» күні аясында «Қол күрес», «Арқан тартыс», «Ләңгі тебу» түрлері бойынша "Ұлттық ойындар - рухани байлығымыз" тақырыбында ұлттық ойындарымыз ойнатылды.

Мақсаты: Ұлттық ойын түрлерінің мазмұнын түсіндіре отырып, ойнату арқылы қызығушылықтарын арттыру. Ата бабамыздан бізге жеткен баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз ұлттық ойындар екендігін біліп жүруге үйрету және салауатты өмір салтын насихаттау. Сондай ақ мектеп мұғалімдері мен қызметкерлері арасында түрлі ұлттық ойындар ойнатылды.

21 НАУРЫЗ - ЫНТЫМАҚ КҮНІ !

Наурыз – іргесі сөгілмес бірліктің берекесі, ырысы төгілмес тірліктің мерекесі. Жақсылықтың жаршысы, жаңа жылдың бастауы – Наурыз мейрамы туған жер топырағына құт - береке әкелсін!

Еліміз тыныш, туған жеріміз аман болып, әрбір жаңа күн әр отбасына шат көңіл, бақыт және береке сыйласын!

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!Наурыз мерекесін сыныптар тойлауда.

22 НАУРЫЗ - ЖЫЛ БАСЫ

Жер-жаһанды сері самалға өткізіп, жұрттың аузын аққа жеткізіп, нұр тамшыларын аямай төккізіп, қиындықтың бәрін келер жылға өткізіп, Самарқанның көк тасын ерітіп, алтын күрекпен жер жүзін жібітіп, тас жүректерді мейіріммен үгітіп, жеті қат жер астына дейін балқытып, жыл құстарының әнін шалқытып, Жеті суға жасылдан көйлек кигізіп, Сарыарқаны самал желге сүйгізіп, Алатаудың төбесін көкке тигізіп, Қаратауға құт-берекені үйгізіп, ақбұлақтарды ақтартып, шың-құздардышаттантип, тізбектеп тырналарды, сүйгізіп сырғаларды, шоршытып балықтарды, шапшытып арықтарды, тербелтіп наз қайыңдарды, төгілтіп жаз жайында әнді, қаздарды қаңқылдатып, найзағай жарқылдатып, айтып ертегінді, жайып желкенінді жетіп келген әз-Наурыз мейрамы құтты болсын!!!

Бүгін ауылымызда наурыз мерекесі кең көлемде аталып өтілуде, орталық алаңда ауыл тұрғындарына арнайы ауыл өнерпаздарының мерекелік іс-шарасы өтуде және ауыл кәсіпкерлерінің қолдауы мен әртүрлі спорт түрінен сайыстар өтуде.

Наурыз – іргесі сөгілмес бірліктің берекесі, ырысы төгілмес тірліктің мерекесі.

23 наурыз - Тазару күні

МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ

Оқушылардан құралған мектеп парламентінің "Еңбек және экология" фракциясы мешіт айналасына тазалық жұмыстарын жүргізді.

ЖАСЫЛ ҚАЗАҚСТАН» АКЦИЯСЫНА ҮЛЕС ҚОСТЫ

Республика көлемінде өтіп жатқан «ЖАСЫЛ ҚАЗАҚСТАН» экологиялық науқанының «Жасылаймақ» апталығы аясында 2024 жылдың 27 сәуір күні Басықара ауылындағы N182 орта мектептің 5-сынып оқушылары ағаш көшеттерін отырғызып, өз үлестерін қосты. Сенбілік барысында мектеп ауласында жасыл аймақты абаттандыру, ағаш көшеттерін егу, жол жиектеріндегі қоршауларды сырлау, төңіректі шөптерден тазарту, ағаштарды әктеу жұмыстары ұйымдастырылуда.

ОҚУШЫЛАРҒА ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

Басықара ауылындағы N182 орта мектебінде 7—11 сынып оқушыларына Қазалы ауданы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі көшпелі комиссия мүшелері құқықбұзушылық және қылмыс, нашақорлықтың алдын алу, интернет қауіпсіздігі мен суицид, ертежүктіліктің алдын алу бағытында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Қазалы ауданы, полиция бөлімі, жергілікті полиция қызметі, бөлімшесінің ювеналды полиция тобының аға инспекторы, полиция майоры М. Бегалиева құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты түсіндірме жұмысын жүргізді. Сонымен қатар аудандық білім бөлімінің әдіскері Б.Айымқұлов, мектеп директоры Г. Бақытбергенев, ДЖЖО Ж.Нұрмағанбетова қатысып, сөз сөйледі.

АТА-АНАЛАРҒА ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

N182 орта мектебінде 5—11 сынып ата-аналарына Қазалы ауданы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі көшпелі комиссия мүшелері құқықбұзушылық және қылмыс, нашақорлықтың алдын алу, интернет қауіпсіздігі мен суицид, ертежүктіліктің алдын алу бағытында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Қазалы ауданы, полиция бөлімі, жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің ювеналды полиция тобының аға инспекторы, полиция майоры М. Бегалиева құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты түсіндірме жұмысын жүргізді. Сонымен қатар аудандық білім бөлімінің әдіскері Б.Айымқұлов, мектеп директоры Г. Бақытбергенев қатысып, сөз сөйледі. Қатысушы ата-аналар тарапынан сұрақтар қойылып, жұмысшы топ мүшелері жауап берді.

"ҮЗДІК ОҚЫРМАН ОТБАСЫ"

"STEAM жүйесі: Тіл мен тарихты кіріктіріп оқыту технологиясы" апталығы жоспарына сәйкес "Оқуға құштар мектеп", "Балалар кітапханасы" жобасын іске асыру мақсатында №182 орта мектеп кітапханасының ұйымдастырумен "Үздік оқырман отбасы" сайысы өткізілді.

Сайыстың мақсаты:

Ата-аналармен балаларды сайысқа қатыстыра отырып, олардың халық ауыз әдебиетінен, салт-дәстүр жөнінде білімдерін байқау.

Отбасы – Отанның бір бөлшегі екендігін ұғындырып, оқушыларды ынтымақ пен бірлікке, татулық пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Сайысқа үш отбасы:

Әлдебай отбасы-анасы Жадыра, қызы Альмира, ұлы Қадір-Әли,

Бекжановтар отбасы – әкесі Фазыл, анасы Гүлнар, ұлы Жарылқаған.

Төлегеновтер отбасы – анасы Индира, қыздары Еркеназ, Айару қатысты.

Сонымен бірге әділ қазылар алқасы мектебіміздің ұйымдастырушы педагогы Жадыра

Пірназарова мен қазақтілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Сүйінтай Сұлушаш, осы пән

бірлестігінің жетекшісі Жанар Баймағамбетова қатысты. Сайысқа қатысқан отбасылар бес кезең бойынша бақ сынасты.

1. "Кітап және менің отбасым" бейнебаян (3 мин) 2. Отбасымыздың сүйікті кітабы сахналық көрініс (5-7 мин) 3. "Ерте, ерте, ертеде...." ертегі құрастыру (/ мин) Кілт сөздер арқылы.

4. "Білімнің – көзі кітапта" сұрақ- жауап 5. "Отбасы шығармашылығы" (поэзия)

."Отбасымыздың сүйікті кітабы" сахналық қойылымда Бекжановтар отбасы ақын

Жетіскен Макеналиевтің "Ырым немесе айдарлы бала" туралы балладасынан, Әлдебай

отбасы "Біреуге ор қазба,өзің түсерсің" ертегісінен ,Төлегеновтер отбасы "Нәресте мен тышқан "ертегісін сомдап оқырманға ой қалдырды.

"Ерте,ерте,ертеде" ертегі құрастыруда Әлдебай отбасы"Кітаппен достасқан Заман" ертегісі, Төлегеновтер отбасы "Жетім бала" ертегісі, Бекжановтар отбасы" Жарылқаған мен Қасымхан" ертегілерін құрастырып керемет әсер қалдырды. Сайыс қортындысында 1 орынды Әлдебай отбасы, 2 орынды Төлегеновтер отбасы, 3 орынды Бекжановтар отбасы иеленді. Қатысқан отбасылар мақтау қағазы мен естелік сыйлықтар табысталды.

ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕР- ТӘРБИЕ КӨЗІ

Мектебіміздің 5-6 сынып оқушыларымен "Ұлттық қолөнер-тәрбие көзі" тақырыбында кездесу сағаты өтті. Кездесу қонағы ағаштан түйін түйіп, талай өнерлі шәкірттің шамын жаққан, мектебіміздің зейнеткер ұстазы Дүйіс Абдол ағайымыз.

Кездесу мақсаты: Қазақ халқының мол қолөнер үлгілерімен таныстыра отырып, келер ұрпақты халық өнерін қастерлеуге, үлгі тұтуға үйрету.

Қазақ халқының ою-өрнек түрлеріне сипаттама беру.

Ою-өрнектің тілін түсіндіру, сырына мән беру арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту.

Кездесу кезінде оқушылар қолөнерге қатысты сұрақтарын қойып, өз өнерлерін көрсетті.

Ағайымыз өзінің қолөнерге қызығушылығының қалай басталғаны, еңбек жолы, шәкірттері, жұмыстары жөнінде қызықты әңгімелер айтып берді. Кездесу қызықты өтті.

"ТӨРТ ТОҚСАНҒА ТӨРТ ӨНЕР"

Басықара ауылындағы №182 орта мектебінде 5-сынып оқушыларымен "ТӨРТ ТОҚСАНҒА ТӨРТ ӨНЕР" жобасы аясында "Туған өлкем" тақырыбында ауылдағы ескерткіштерге саяхат ұйымдастырылды.

Сынып жетекшілері: Асанов Есбол, Кенжебай Айнұр

Қыздар жиналысы өтті.

Күн тәртібінде:

1. Нұрмағанбетова Жанар мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – «Жат ағымдар туралы».
2. Сүйінтай Сұлушаш қыздар ұйымының төрайымы – «Баланың мемлекет үшін маңызы»
3. Пірназарова Жадыра ұйымдастырушы педагог – «Радикалды ағымдармен мемлекет қандай жұмыстар жүргізуде»

Тыңдалды:

Жиналысты мектептегі «Қызғалдақ»қыздар ұйымының төрайымы Сүйінтай Сұлушаш ашып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өтті.

Шығып сөйлеушілер:

1. XXI ғасыр – интернет дәуірі. Қазіргі жастар мен балалар ғаламтордың басты пайдаланушылары екені жасырын емес. Күн сайын мыңдаған ақпарат алып, мыңдаған жаңалық тыңдайды. Кез-келген сауалдың жауабын бір минута іздеп тауып алады. Ал сол сауалдың шынайлығын мән беретін бала емес. Яғни, ақпараттар фильтрі жоқ. Бала санасы оны жасырын да қарап, түрлі ойға жүгінуі мүмкін. Дін мәселесіне қатысты сауалдарды да интернеттен іздеп, түрлі әлеуметтік желілердегі теріс уағыздарды тыңдап, санасын улай бастайды. Жат ағымдар туралы айтқанда, ең алдымен жастардың мәселесі алға шығады. Себебі, деструктивті діни ағымды таратушылар алдымен жастарды жандарына жиюға тырысады. Олардың сенгіш, ақпараттарды талдай білмейтінін жақсы біледі. Деструктивті ағымдардың ақпаратын тыңдап, кейін өзі де экстремистік топқа қалай мүше болғанын байқамай да қалады.

БүгінБасықараауылындағы №182 орта мектебінде 1 Мамыр - Қазақстанхалықтарыныңбірлікүнімерекесіаясында "Бірлік, Жасампаздық" тақырыбында 1-4 сыныптарда диктант, 5-11 сыныпоқушыларыныңқатысуымен эссе жазуұйымдастырылды.

Мақсаты:

Қазақстанхалқыныңбірлігіннығайту, жастардыдостық пен ынтымақтастықтаөмірсүругетәрбиелеу, оқусауаттылығынарттыру.

7– Мамыр Отан қорғаушылар күніне арналған

«Патриот ұрпақ, рухтыжастар, жарқынболашақ!»

АӘТД пәнініңмұғалімі : Сап түзел,тіктүр! Мемілекеттік ту кіргізілсін!

Халқымызда «Ер – елініңқорғаны» дегенаталысөз бар.

Бізосындайжандардыңержүрекістеріне сай сый-құрметкөрсетеотырып, отбасыларыңызғаамандық, береке-бірлік, еңбектежеміс пен шығармашылықтабыстартілейміз.

Бүгінгі 7 мамыр Отан қорғаушыларкүнімерекелеріңізқұттыболсын!

Сайыстыңережесіментанысболыңыздар:

1. Саптықбайқау
2. Ак-74 қаруынбөлшектеужәнежинақтау
3. Белтеміргетартылу.
4. Газ тұмылдырығын кию
5. Қаруменжасалатынжаттығулар

Қорытынды: 7 мамыр - Отан қорғаушылармерекесінеарналғанжарысымызөзмәресіне де келіпжетті. 25 ұпайқортындысымен І –орынды 11-сынып жеңіпалса, ІІ-орынды 21 ұпаймен 10-сынып оқушыларықанағаттанды.

Ешкімде ешқашан ұмытылмайды!

Басықараауылында #182 орта мектебінде 2024 жылдың 6 мамыркүні «9-мамыр –

ҰлыЖеңіс» күніаясындаЖеңіскүнітуралытүсінік беру, батыр

аталарымызбенапаларымыздыңерліктеріментаныстыру, оқушылардыңұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу, елін, жерінсүйетінбатылазаматболуға баулу мақсатында 5-11 сыныпоқушыларыарасында "Ерлігімелімүшін" тақырыбындасыныпсағаттарыөтілді.

«ИГІ ІСТЕР АКЦИЯСЫ» ӨТІЛДІ

2024 жылдың 10 мамыркүні “Игі істер акциясы” аясында әлеуметтік педагог Кемалова Роза, “Қамқорлық фракция” жетекшісі Болатқызы Балауса және 5-8 сынып оқушылары мектебімізде жәрмеңке ұйымдастырды.

Мақсаты:

Балалардың бойында мейірімділік, жолдастық, өзара көмек сезімдерінің тұрақты мотивациясын қалыптастыруға жағдай жасау. Игі істер мен істер жасауға үйрету.

Айналадағыларға адамгершілік пен мейірімділік танытуға тәрбиелеу.

Мектебіміздегі жәрмеңке керемет өтті. Барлық сынып оқушылары белсене араласты.

Жәрмеңкеден түскен қаражат әлеуметтік топтың балаларының қерегіне жұмсалатын болады.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТКІЗІЛДІ

12 - мамыр – Аналар күніне орай ұйымдастырылған іс-шаралар жоспарына сәйкес 5-8 сынып аналары арасында ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас, отбасылық құндылықтар, жеке қауіпсіздік мәселелері бойынша дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты: Ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынастың ерекшеліктерін, отбасы құндылықтарын, бала тәрбиелеудеананыңорнын, бала дұрыс бағыт беруде мектеп пен ата-ана әрқашан бірлесе жұмыс жасау қажеттігін топтық жұмыс, тренинг, психологиялық жаттығулар, түрлі жағдаяттарды шешу арқылы көрсету.

Мектеп дефектологы Жүніс Жания аналармен "Жүрек жылуы" тренингін өткізді. Түрлі-түсті жүрекше смайликтер арқылы топқа бөлініп, топ мүшелері түстеріне байланысты бір-бірімен ерекше сәлемдесу рәсімдерін жасады. Доп арқылы сұрақтарқойылып, аналаржауапберді. Оданәрітоптықжұмыстаржасалып, аналар бала тәрбиесіне байланысты сұрақтарға жауап берді. Жағдаяттар шешу жолдарын ұсынып, «Отбасы-бақыт мекені» тақырыбында бақытты отбасының суретін салды. Іс-шара "Ана туралы жыр" әнімен аяқталды. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж. Нурмағанбетова дөңгелек үстелге қатысқан аналарды мерекесімен құттықтап, алғысын айтты.

ОҚУШЫЛАР МЕРЕКЕМЕН ҚҰТТЫҚТАЙДЫ

Мамыр айының екінші жексенбісі "АНАЛАР КҮНІ", 15 мамыр "ОТБАСЫ КҮНІ" мерекелеріне байланысты мектебіміздің 5 – сынып оқушылары барша АНАЛАРДЫ

мерекесімен құттықтайды. Тіршіліктің түп тамыры - аналарымыз, шағын мемлекет-отбасымыз аман болсын. Өке мен ананың қадірін түсінген ұрпақтың әрқашан жолы ашық, жарық болар.

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ ӨТКІЗІЛДІ

2024 жылдың 20 мамыр күні мектеп әкімшілігімен учаскелік полиция инспекторының қатысуымен жазғы каникулдағы оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың, топтық төбелестің алдын-алу мақсатында 9—11 сынып оқушыларымен олардың ата-аналарымен жалпы жиналыс болып өтті. Жиналыста жоғарыда айтылған мәселелер айтылып, ата-аналар тарапынан пікірлер айтылды және оларға қажетті кеңестер берілді.

БУККРОССИНГ ӨТКІЗІЛДІ

Буккроссинг- ағылшын тілінде "кітаптың айналыста жүруі. "Өзің оқысаң, өзгеге табысет" қағидасына негізделген адам мен кітап арасын жақындататын, кітап оқуға шақыратын қоғамдық қозғалыстардың бірі. Буккроссингтің ережесі бойынша, кез-келген адам өз оқып бітірген бір кітабын қоғамдық, кітапханада, кафе тағы басқа жерлерде қойып кете алады. Кейін бұл кітапты тауып алған басқа адам оқиды, оқып болған соң, ол да кітапты орнына тастап кетеді – дәл солай ол кітапты басқа оқырман оқи алады. Бұл қоғамдық қозғалысқа қатысушыларды –буккроссерлер деп атайды.

Мақсаты: "Оқыдым-басқаға сыйлаймын" қағидасы бойынша оқушылар өз оқыған кітаптарын достарымен бөлісіп, өз уақыттарын тиімді пайдаланып, пайдалы кітап оқуға шақырады. 182 орта мектеп кітапханасы осы бағытта "Кітапоқимыз" буккроссинг іс-шарасын ұйымдастырды.

3-5 сынып оқушылары өздері оқыған кітаптарын сыныптастарына оқуға кеңес беріп, кітап алмастырды. 6 сынып оқушылары Төлеген Еркеназ бен Ғанибек Ақзере өзі оқыған кітаптарының мазмұнына шолу жасап, өзгелерге оқуға кеңес берді.

“Қыз баласының репродуктивті денсаулығы”

Бүгін #182 мектебімізде қыздар жиналысы өтілді. Іс-шара барысында мектеп психологі Айғабыл Сәнімкүл қыз өмірдің гүлі, барлық адамзаттың қадірлеп аялайтын асыл аруы және қыз баласының тәрбиелік мәні туралы айтылды. Қыз баланың денсаулығын сақтау, дұрыс тамақтану жолдарын айтып, қыздардың көңіл-күйлерін көтеру мақсатында психологиялық "Жүрек жылуы" тақырыбында тренинг өткізілді. "Қыз бала қандай болу керек?" тақырыбында баяндама оқыды. Қыздар ұйымының жетекшісі Сүйінтай Сұлушаш қыздарға ақыл кеңес айтты.

“ЖАС ТҮЛЕКТЕРМЕН ТАЛ ЕГУ” АКЦИЯСЫ

"Атадан мал қалғанша, тал қалсын" демекші, бүгін #182 орта мектепте жастүлектермен тал егу акциясы болып өтті.

Тал егу акциясы – өте маңызды іс-кеңіс сөзсіз. Тал – бейбітшілік нышаны, табиғаттың нәзіктілігі және оны қорғау қажеттілігіне сәйкес келеді.

Ағаш отырғызу акциясына биылғы жастүлектеріміз және сынып жетекшілері мектебіміздің гүлдәніне өз үлестерін қосты.

Мектебім, саған мың алғыс

25 мамыр күні № 182 орта мектебінде «Мектебім, саған мың алғыс!» тақырыбында 11 сынып бітірушілерімен мерекелік жиын өткізілді. Биылғы оқу жылында алтын ұя мектебін 19 оқушы бітіріп отыр. Жиында түлектер ұстаздарына жүрекжарды тілектерін айтып әсем әндерін жолдады.

АЛҒАШҚЫ ТҮЛЕКПЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Бүгінгі күн біздің мектеп үшін, мектептің 9-11 сынып оқушылары үшін ерекше болды. Себебі, мектебіміздің 40 жыл бұрынғы түлегі техника ғылымдарының докторы, профессор ҚР ҰИА академигі Мұсабаев Тұрлыбек Түркпенұлы ауылымызға қонаққа келіп, мектеп оқушыларымен мағыналы кеш өткізді.

Оқушыларға білімнің күшін, құдыретін, ешуақытта өз құнын жоймайтынын оның мысалы ретінде өзінің жеткен жетістіктерін айтып берді. Жастайынан математика саласына деген қызығушылығы ғылым жолын таңдауға, оны тереңінен меңгеріп, өз саласының мықты

маманы болуға әсер еткенін айтты. Оқушыларға бүгінгі кездесу ұнағанын олардың ұйып тыңдағанынан ақ байқауға болады. Кеш соңында бітіруші түлектерге ақ тілегін арнап, ағалық батасын берді.

Өзі оқыған мектепке құрмет көрсетіп, мектеп ұжымымен, оқушыларымен бірге мектеп ауласына 40 түп ағаш отырғызды.

Кездесу кешінде мектеп ардагерлері Сәлмен Мұхтар, Ермахан Дәуренбек, Баспаев Алып ұстаздарымызда кеш қонағына құрмет көрсетіп, ақ тілектерін айтты.

Мектебіміздің алғашқы түлегі Тұрлыбек ағамызға ауылға деген құрметіңіз, оқушыларымызға деген ақ ниетіңіз үшін мектебіміздің ұжымы атынан алғыс айтамыз.

СІЗДЕЙ МАҚТАН ЕТЕР ШӘКІРТТЕРІМІЗ КӨП БОЛСЫН. КЕЛГЕНІҢІЗГЕ КӨП РАҚМЕТ, АҒА!

2023 – 2024 оқу жылында 10 сыныпты 9 оқушы бітіріп отыр. Оның 3 – еуі қыз бала, 6 – ы ер бала. Оқушылар 30 мамыр күні қазақ тілі мен әдебиетінен емтихан тапсырды. 2023 – 2024 оқу жылында жазғы тынығу лагері мектеп жанындағы 27 мамыр мен 18 маусым аралығында ұйымдастырылып отыр. Мектеп жанындағы лагерьге екі аусымда бастауыш пән мұғалімдері, психолог, медбике, тәлімгер, дефектолог, дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері және сынып жетекшілер тартылды. 1 маусым Балаларды қорғау күніне орай лагерьдің ашылу жасалынып, балаларға іс – шаралар ұйымдастырылады. Мектеп жанындағы тынығу лагеріне әлеуметтік топтағы 30 бала және тамақсыз 65 бала қатысып отыр. Сонымен бірге «Шағала» лагеріне 21 бала қатысады. Олар бір аусымда тамыз айында барады. Одан бөлек «Қазақстан халқына» қоғамдық қорынан мектепке 3 жолдама табысталды. Әлеуметтік топтағы және үздік оқушы болуы керек. 11-14 жас аралығы. 5 сыныптан бір оқушы Темірхан Ұлжан санаты – көп балалы отбасы. 7 сыныптан 2 оқушы Әби Асылзада, Әби Гүлзада санаты – әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасы. Түркістан облысы «Қуаныш» лагеріне барады.

Күн тәртібі бойынша «Мектеп психологының 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмыстарының жылдық есебі» тақырыбында мектеп психологы С.Айғабыл хабарлама жасады.

Психологиялық қызметтің 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспар, айлық, апталық жоспарлар құрылып, жасалды.

Психологиялық қызмет құжаттары дайындалды.

Психодиагностикалық әдістемелердің деректер тізбесі жасалды.

Бала дамуының психологиялық картасы жасалынды

Үйден окитын оқушылардың құжаттары алынып, бұйрық шығарылды.

2023 жыл мад тобына қыркүйек айында Баланың сурет салғанына қарап «Нені байқауға болады?» тақырыбында сурет салынып, «Кубик» тренингі өткізілді.

2023 жыл қыркүйек айында 1 сынып оқушыларына «Алақай! Мен оқушымын», «Жүрек», «Біз біргеміз», «Кел танысайық», «Мейірімділік», «Тыныштық» тақырыбында тренинг- сабақ өткізілді. Балалардың оқуға деген қызығушылығы өте жоғары. Балалар тренинг барысында әр түрлі сұрақтар қойып, емін-еркін сөйлесті. Оқушылардың мектептегі оқуға дайындық деңгейін бақылау үшін «Керн-Йирасек» тесті алынды.

2023 жыл қыркүйек айында 5 сынып оқушыларынан «Менің сыныбым әдістемесі», «Социометрия әдісі», «Оқу мотивациясын анықтау диагностика тесті алынды.

2023 жыл 3 сынып оқушылар «Қауіпті жағдайлар», «Сыпайы бас тарту» тақырыбы бойынша түзету-дамыту тренинг- сабағы жүргізілді.

2023 жыл 4 сынып оқушыларына «Біз біргеміз», «Бейнелі ойлауы мен сезімталдығын дамыту», «Сыйқырлы сөздер», «Кубик» жаттығулары өткізілді. «Сіз сынаққа дайынсыз ба?» тақырыбында сауалнама алынды.

2023 жыл қазан айында 5 сынып оқушыларынан суицидалды мінез-құлықты Ескерту және алдын алу мақсатында НСВ-10 тесті алынды. Оқушылар түгел қамтылды. «Менің шыдамым таусылды», «Маған ұнамайды» деген сөйлемдерді жазған оқушылармен жеке-жеке сұхбат жүргізілді. Оқушыларға сыныптағы оқушылармен достық қарым-қатынаста болу керектігі айтылып, кеңестер берілді. Оқушылардың көңіл-күйі үнемі бақылауда болу керектігі ескертілді. «Өзіңді мақта» тақырыбында эссе алынды. «Бірінші рет 5-ші сыныпқа», «Менің мектептегі сезімім», «Мен өзімді мақтай аламын» «Реніштен арылу» «Кубик», «Бейнелі ойлауы мен сезімталдығын дамыту», «Кэмпит» жаттығуы, «Дос болайық бәріміз» тақырыбында тренинг – сабақтар жүргізілді. Тренинг барысында оқушылар құрдастарымен пікір алысып, өз ойларын жеткізе білді.

2023 жылдың қазан айында 7-11 сыныптар аралығындағы оқушылардан «DASS шкаласы» бойынша сауалнама алынды. Оқушылар түгел қамтылды. 7-11 сыныптар бойынша сауалнама қорытындысы әр сыныпқа жеке-жеке шығарылды. Оқушылар депрессия, үрей, стресс шкалалары бойынша қалыпты жағдайды көрсетті. Жеңіл, орташа бойынша анықталған оқушылармен сұхбат жүргізіліп, кеңестер берілді. 7-11 сынып оқушыларымен «Ақ парақ» жаттығуы, «Кэмпит» жаттығуы, «Бейдж» жаттығуы, «Үрленген шар» сергіту жаттығуы, «Бәрі сенің қолыңда» түзету сабағы, «Мен таңдаған мамандық», «Өзіңді мақта», «Бойдағы қорқынышты төмендету», «Бүгінгі мектеп түлегі-ертеңгі елдің тірегі», «Өзіңе сен!», «Сен жеңіске жетесің!», «Стрессіз өмір», «Мен жеке тұлғамын», «Сіз ұнатасызба?» сауалнама, «Кибербуллинг дегеніміз не?», «Кибербуллинг дегеніміз не және онымен қалай күресуге болады?», «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» баяндама, «Мен зорлық зомбылыққа қарсымын сауалнама тест, «Отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол жоқ» сурет салу, «Зорлық зомбылықтың алдын алу» түсіндірме жұмыстар, «Менің ойымша зорлық-зомбылық – бұл» тақырыбында сауалнама, «Зорлық - зомбылық туралы мен не ойлаймын-сауалнамасы», Әлеуметтік жасырын сауалнамалар алынды. 11 сынып оқушыларынан ҰБТ -ке барар алдында сауалнама алынды.

Қараша айында 2023 жылдың қыздар жиналысында 8-11 сынып қыз балаларға «Ерте жүктіліктің алдын – алу, әлеуметтік желілер, түрлі алданулар» тақырыбында баяндама оқылып, түсіндіру жұмысы жүргізілді. Қыздар жиналысы өткізілді. Қыздар жиналысында «Қыз бақыты анадан» тақырыбында 9-11 сыныптың қыз балаларымен кеш өткізілді. «Қыз баласының репродуктивті денсаулығы» тақырыбында түсіндірме жүргізіліп, «Жүрек жылуы» тренингі жасалып, «Қыз қандай болу керек» тақырыбында баяндама оқылды.

Желтоқсан айында «Нашақорлыққа жол жоқ» тақырыбында түсіндірме жұмысы жүргізілді. Осы айда «Құқықбұзушылық және заңды жауапгершілік» және «Кибербуллинг, буллинг тақырыбында» 8-11 сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Лудомония – адамзаттың індеті» тақырыбындағы түсіндірме жұмыс жүргізілді.

Ата-аналармен жиналыс өткізіліп, ата-аналардан сауалнама алынды және «Жүрек жылуы» тақырыбында тренинг өткізілді. 5-9 сынып оқушыларының ата-аналарымен «Баланың бас ұстазы - ата-ана» тақырыбында жиналыс өткізілді.

Желтоқсан айында аудандық жаңа жылдық іс-шараға үйден оқитын 6- сынып оқушысы Нұртас Әміржан қатыстырылып, жаңа жылдық сыйлықтар берілді.

2024 жылдың наурыз айында 5-6 сынып оқушыларынан «НСВ 10» тесті алынды. Оқушылар түгел қамтылды. Тесттен кейін тренингтер өткізілді. 7-11 сынып оқушыларынан «DASS шкаласы» бойынша сауалнама алынды. Оқушылар түгел қамтылды. 7-11 сыныптар бойынша сауалнама қорытындысы әр сыныпқа жеке-жеке шығарылды. Оқушылар депрессия, үрей, стресс шкалалары бойынша қалыпты жағдайды көрсетті. Оқушыларға сұхбат жүргізілді. Анықтама жазылып, хаттама жасалды.

2024 жылдың 21 наурыз күні «Өзіңді жаса!Өзіңді таңда! Өзіңе сен!» тақырыбында апталық өткізілді. 4-11 сынып оқушыларымен тренингтер, баяндамалар, сауалнамалар алынды. Мұғалімдермен «Түймемен жұмыс» тақырыбында тренинг өткізілді.

2024 жылдың 2-ші сәуір күні №182 орта мектеп окт залында «Көңілі көтеріңкі ұстаздың еңбегі де жемісті» тақырыбында психологтардың аудандық семинары өткізілді. Семинарға барлық мектептен психолог мамандар түгел қатысып, тәжірибе алмасты. Семинарда психолог С.Айғабыл «Болашаққа қадам», «Ақ парак», «Кім жылдам» тақырыбында тренингтер өтті.

2024 жылдың мамыр айында Мектеп бітіруші 11 сынып оқушыларын ҰБТ-ға және мамандық таңдауға педагогикалық-психологиялық бағытта психологиялық кеңес айтылып, сауалнама алынып, «Кім болғым келеді» тренингі, «Емтихан кезіндегі стресстен қалай арыламыз?» тренингі өткізілді. ҰБТ-ға тест тапсыруға барған оқушылармен бірге барып қадағаланды. Тесттен шыққаннан кейін көңіл-күйлерін көтеруге көмек жасалып, кеңестер айтылды.

2024 жылдың «Балдәурен» жазғы лагерь оқушыларына «Кэмпит» тренингі, «Бейнелі ойлауы мен сезімталдығын дамыту» тақырыбында суреттер салынып, тренинг өткізілді. Әр аптаның 5-ші күні сенім жәшігі қаралып, арыз шағымның бары жоғы тексерілді. Жоспарланған жұмыстар:

1. «Балдәурен» тынығу лагерьіне бастауыш сынып мұғалімдеріне «Таяқшамен жұмыс», «Болашаққа жарқын қадам» тақырыбында тренинг.
2. Балаларға «Ақ паракпен жұмыс», «Эмоция және сезім», «Өз ауылымызды сүйеміз» тақырыбында тазалық акциясы.

Күн тәртібі бойынша «Қосымша білім беру педагогының 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмыстарының жылдық есебі» тақырыбында А.Рысқұлов хабарлама жасады.

Оқу жылының басында оқушылардың деңгейіне қарай саралау жұмыстары жүргізілді. Бастауыш ғылыми қоғамының құрамы қайта жасақталды. Оқушыларды ғылыми

р/с	Жоба авторының аты-жөні	Жобаның атауы	Секция	Сын ыбы	Жетекшісі	Алған орында р
1	Қалдыбек Қарақат	Қымыз-шипалы сусын.	Этномәдениеттану	5	Исмайлова Лаззат	-
2	Балтабай Аяулым	Санның халық дүниетанымындағы көрінісі мен маңызы.	Математика	6	Ахметова Мархаббат	-

жұмыстарға тарту барысында жұмыстар атқарылды.

2023-2024 оқу жылында «Зерде» ғылыми жобалар сайысынан қорғалған ғылыми жұмыстар

2023-2024 оқу жылында «Дарын» ғылыми жобалар сайысынан қорғалған ғылыми жұмыстар

р /с	Жоба авторының аты-жөні	Жобаның атауы	секция	сын ып	Жетекшісі	Алған орындар
1	Болатқызы Балауса	Айналадағы әлем және адам өміріндегі тригонометрия.	Қолданбалы математика	10	Ахметова Мархабат	
2	Жәдігер Сандуғаш	Математика сабағында гаджеттерді пайдалану.	информатика	9	Әбіл Жаңылған	
3	Мейірімжан Зере	Алаш көсемі-Әлихан Бөкейханов.	Тарих	10	Рысқұлов Айдын	Алғыс хат
4	Қуандық Жанәділ	Мақал -мәтелдер - халық даналығы.	Әдебиет	9	Сүйінтай Сұлушаш	

Түрлі басқаша ғылыми жобалардан орын алған ғылыми жұмыстар

1.«Qreativti Qazaqstan» халықаралық ғылыми -әдістемелік орталығы ұйымдастырған «Ең үздік ғылыми жоба» Республикалық ғылыми жобалар байқауының «Ең үздік креативті ғылыми жоба» номинациясы бойынша Темірбек Қымбат I дәрежелі диплом алды
Жетекшісі Балманова Гүлназ

2. «Жас ғалым» ғылыми- зерттеу жұмыстарын қорғау аясында «Ғылымға құштар жас өрен» тақырыбындағы байқауда 10 сынып оқушысы Мейірімжан Зере Алғыс хат алды
Жетекшісі Рысқұлов Айдын

3. «Менің Отаным - менің бастамам» республикалық шығармашылық жобалар байқауының аудандық кезеңінде 8-сынып оқушысы Жұматай Ұлжан 2 орын алды.
Жетекшісі :Кенжебай Айнұр.

2024 -2025 оқу жылында қорғалатын ғылыми жұмыстар тізімі

р/с	Тақырыбы	Зерттеуші	Сыныптары	Жетекшісі	Ғылыми қоғам
1	«Ірімшік тұнбасы - сарысу»	Шакизат Аягөз	4- сынып	«Байденес Алтын	Зерде
2	«Пайыздар біздің өмірде»	Нұржанқызы Фариза	6- сынып	Асанов Есбол	Зерде
3	« Мультфильм көріністерінің физикасын зерттеп есептер шығару құралын жасау »	Қожабек Нұрсат	10 -сынып	Балманова Гүлназ	Дарын
4	«Жұмсақ электр тізбектері»	Нұрадасыл Ильяс	7-сынып	Балманова Гүлназ	Зерде
5	Мультфильмдерді өз қолыңмен жасау.	Төлеген Айару	5- сынып	Жеткербай Бекзат	Зерде
6.	«Мақал-мәтелдер - халық даналығы »	Қуандық Жанәділ	10-сынып	Сүйінтаева Сұлушаш	Дарын
7.	Айналадағы әлем және адам өміріндегі	Болатқызы Балауса	11-сынып	Ахметова Мархабат	Дарын

	тригонометрия				
8.	Математика сабағында гаджеттерді пайдалану	Жәдігер Сандуғаш	10-сынып	Әбілова Жаңылған	Дарын
9.	Ас содасының пайдасы	Әлзақ Айша	5- сынып	Ағыбаева Махаббат	Зерде
10.	«Русский язык на обертках конфет»	Балтабай Аяулым	7-сынып	Садуакасова Кымбат	Зерде
11.	Қоржын	Мейрамбек Ясина	2- сынып	Ағыбаева Жаңагүл	Зерде
12.	Қазақтың ұлттық десертi	Қаназ Бибiнұр	4-сынып	Абатова Гүлайна	Зерде
13.	«Өмiрiн өнерiмен өрнектеген»	Қалдыбек Қарақат	6- сынып	Ағыбаева Индира	Зерде
14.	Менiң өлкемнiң агроклиматтық ресурстары.	Жұматай Ұлжан	9- сынып	Аюбаева Жанар	Дарын

2023-2024 оқу жылында мектебiмiзде 15 пәндiк үйiрмелер құрылды. Олардың 13-і қоғамдық негiздегi үйiрмелер. Олардың 5-і тiлдiк негiздегi, 3-і спорттық негiздегi қалған 7-і әр түрлi басқаша үйiрмелер. Үйiрме жетекшiлерi оқушылармен жұмыстар барысында тапсырмаларды орындау кезiндегi оқушылардың алғырлықтарын, оқуға құштарлығын, спорттың түрлерiне машықтарын және де басқа бейiндерiн анықтап, саралап отыруда күш жұмсап келедi. Мектебiмiзде құрылған «логикалық есептер», «жас физик», үйiрмелерiнiң қатысушылары арасында бiлiм сайыстары, логикалық есептердi шешудiң тиiмдi әдiстерi туралы түрлi iс – шаралары өткiзiлiп отырды.

№ 182 орта мектебiндегi 2023 -2024 оқу жылындағы құрылған үйiрмелер

<i>Р/с</i>	<i>Үйiрме аттары</i>	<i>Пәндерi</i>	<i>Жетекшiлерi</i>	<i>Сыныптаp</i>	<i>Қамтылуы</i>	<i>Апта күндерi</i>	<i>Сағат</i>
1	Жас химик	Химия	Пiрназарова Жадыра	8 - сынып	10	Дүйсенбi	16 ²⁰
2	Happy English	Ағылшын тiлi	Бекет Тұрсынай	5,6 сыныптар	8	Жұма	16 ²⁰
3	Волейбол	Дышы	Алдажаров Бақытжан	8 – 11 сыныптар	20	Бейсенбi Жұма	15 ³⁰ 15 ³⁰ , 16 ¹⁵
4	Логикалық есептер	Математика	Асанов Есбол Ахметова Мархаббат	5 а,6 сыныптар	12	Сәрсенбi	15 ³⁰
5	Жас сарбаз	А.Ә.Д.	Нұрбай Жәнібек	10,11 сыныптар	20	Сейсенбi	16 ²⁰
6	Компьютер әлемінде	Информатика	Жеткербаев а Бекзат	5-7 сыныптар	10	Бейсенбi	15 ³⁰
7	Жас	Физика	Балманова	9а,б	10	Бейсенбi	16 ²⁰

	физик		Гүлназ	сыныптар		i	
8	Эссе жазып үйренейік !	Қазақ тілі мен әдебиеті	Сүйінтай Сұлушаш	5а,б сыныптар	10	Бейсенбі	16 ²⁰
9	Юный лингвист	Орыс тілі	Мусаева Гүлназия	7,8 сыныптар	10	Дүйсенбі	15 ³⁰
10	Сөз өнері	Әдебиеттік оқу	Мырзатаева Жаңыл	3 - сынып	8	Сейсенбі	15 ³⁰
11	Көркем жазу	Қазақ тілі	Ағыбаева Махаббат	4 сынып	14	Сәрсенбі	15 ³⁰
12	Глобус	География	Аюбаева Жанар	5а,б, 6 сыныптар	10	Сейсенбі	15 ³⁰
13	Алтын қол	Көркем еңбек	Ағыбаева Жаңагүл	5а,б сыныптар	10	Дүйсенбі	15 ³⁰
14	Кіші футбол	Денешынықтыру	Пірназаров Талғат	5-6-7 сыныптар	20	Сәрсенбі	15 ³⁰
15	Жас дойбышы	Денешынықтыру	Пірназаров Талғат	4-5-6 сыныптар	20	Жұма	15 ³⁰

Сырттан келген қатынастарды орындау кезінде оқушылармен, мұғалімдер қауымымен түрлі жұмыстар атқарылып отырды. «Әдеби коктейль» байқауына оқушылар қатыстырылып 4 оқушы 2-3 орындар иеленді. «Ел рәміздері- асыл мұрамыз» аудандық жас ақындар мұшайрасында 9- сынып оқушысы Қуандық Жанәділ 3 орын алды. «Юный лингвист», «Happy English», атты тілдік үйірме жетекшілері Г. Мусаева мен Т. Бекеттің ұйымдастыруларымен өткізіліп тұратын көңілді іс – шаралар оқушылардың орыс, ағылшын тілдеріне және т.б. шет ел әдебиетіне деген қызығушылықтарын арттырып отыр. Үйірме жетекшілерінің дайындаған оқушылары түрлі сайыстарда озық көрсеткіштерге жетіп жүр. «Компьютер әлемінде» үйірмесінің жетекшісі Б. Жеткербайдың ұйымдастырып отырған информатика пәнінің қатысушылары аудандық сайыстарда Д. Шымберген, Д. Манасұлы 2 жыл қатарынан жүлделі орын алып келеді. АӘД пәнінің ұйымдастырылған «Жас сарбаз» үйірмесінің жетекшісі Ж. Нұрбай аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Мерген ару» сайысында К.Әли 2 орын иеленді және алғашқы медициналық көмек көрсету сайысында 3 орын иеленді. «Жас физик» үйірмесінің 9 сынып қатысушысы Қожабек Нұрсат аудандық олимпиадада 2 орын алып, мақтау қағазымен марапатталды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен ұйымдастырылған «Эссе жазып үйренейік!» атты үйірмесінің жетекшісі С. Сүйінтай үйірме қатысушыларының қазақ тілін меңгертуге, түрлі тақырыптарда шығармалар жазуға, эсселер жазуға озық тәжірибелерді меңгертіп келеді. Үйірме қатысушысы Қ. Қарақат аудандық эссе жазу сайысында 1 орын иеленді. География пәнінен ұйымдастырылған «Глобус» үйірмесінің жетекшісі Ж. Аюбаеваның үйірме мүшелерімен өткізіп отырған мектепшілік қызықты іс – шаралары өте тартымды өткізіп келеді. Дене тәрбиесінен құрылған «Кіші футбол» қатысушы 5-6-7 - сынып оқушылары, мектепаралық аудандық сайыста 1 орын алып, облыстық сайыста аудан намысын қорғап қайтты. Теннис үйірмесінің қатысушылары аудандық сайыста үнемі 1- ші орынды алып келеді. Облыстық сайыста 9-10 сынып оқушылары аудан мектептерінің атынан қатысып 5 – ші орын алып келді.

Оқушылардың пәндік білімдерге қызығушылығын арттыру барысында пән мұғалімдерімен бірлесе отырып зияткерлік сайыстарға оқушылар тартылды.

« Дарын » ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастыруымен өтілген «Кенгуру » конкурсында 7 оқушы жүлделі орындарға ие болды. «Ақбота » интеллектуалдық марафонына 25 оқушы қатыстырылып, оның 14-і орындарға ие болды. « BRITISH BULLDOG» сайысына қатысқан 8 оқушының 3-і бірінші орындарға ие болды. «Мың бала» олимпиадасына оқушылар тартылды.

Күн тәртібі бойынша «Ұйымдастырушы педагогтың 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмыстарының жылдық есебі» тақырыбында Ж.Прназарова хабарлама жасады.

2023-2024 оқу жылына арналған **«Біртұтас тәрбие бағдарламасын»** іске асыру бойынша бір жылға жоспар жасалынып бекітілді. 1 қыркүйек – Білім күніне орай **«Мектебім мейірім мекені»** атты салтанатты жиын өткізілді. Салтанатты жиында Мемлекеттік Ту енгізіліп, Қазақстан Республикасының Гимні орындалды. Салтанатты жиынға аудан әкімінің орынбасары Сүйеубаев Жалғас Оңғарұлы, аудандық білім бөлімінің әдіскері Әбіл Әмірхан және ауыл округінің бас маманы Рысқұл Асқар және жергілікті полиция инспекторы Байділдаев Ерлан қатысты. Сонымен бірге 1 – 11 сынып жетекшілері 1 қыркүйек күні «Мектебім мейірім мекені» тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттарын өткізді.

14 қыркүйек **«Театрдың ғажайып әлемі»** театр өнерінің республикалық фестиваль-байқауының аудандық кезеңіне «Драмалық спектакль» номинациясы бойынша «Сахна және балалар» театры қатысып жүлделі ІІІ орынға ие болды.

27 қыркүйек күні Аудандық білім бөлімі, Қазалы АПБ-нің, жастар денсаулығы өкілдерінің қатысуымен кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық және қылмыс, нашакорлықтың алдын алу, интернет қауіпсіздігі мен суицид, зорлық – зомбылық, ерте жүктіліктің алдын алу бағытында ақпараттық – танымдық біліммен қамтамасыз ету мақсатында түсіндіру шаралары жүргізілді. Шараға Қазалы АПБ – нің ЖПҚБ нің ЮПТ – ның аға инспекторы полиция майоры Бегалиева Махаббат Төлепбергенқызы қатысты. 29 қыркүйек күні мектебімізде **«Су тасқыны қауіп туындаған жағдайда оқу - жаттығу жүргізу»** бойынша оқу – жаттығу жұмысы жүргізілді. Оған педагогтар – 38, қызметкерлер саны – 40, оқушылар саны – 230.

2023 жылдың 3 қазан күні мектебімізде 5 қазан Ұстаздар мерекесіне орай **«Дублер күні»** өткізілді. Яғни, оқушыларымыз бір күн мұғалім болып сабақ берді. Мектеп директоры, тәрбие, оқу орынбасарлары орнына отырып өздерінің мұғалімге деген құрметін сезінді.

5 қазан Ұстаздар күніне орай мектебімізде **«Ұстаз аты биік, әрі мәңгілік»** тақырыбында мерекелік жиын өткізілді. Ұстаздардың төл мерекесі қарсаңында ҚР Оқу – ағарту министрі Ғани Бектайұлы Бейсембаевтың мектеп ұжымына жіберген Алғыс хаты табыс етілді. Мерекеге ардагер ұстаздар шақыртылып, өздерінің шәкірттерге ыстық лебіздерін білдіріп, ұжымға ақ батасын берді. Жиын соңында ардагер ұстаздарымызға сыйлықтар таратылды. Басықара ауылдық клубымен бірлесе отырып 19 қазан күні мектептегі 8-9 сыныптар арасында ер балалармен салт дәстүрлермен баталы сөздерді насихаттау, дәріптеу мақсатында **«Аталар сөзі – ақылдың көзі»** тақырыбында салт – дәстүрге байланысты сұрақ – жауап ұйымдастырылды.

27 қазан күні мектебімізде 8-11 сыныптар арасында **«Күзгі балл - 2023»** байқауы өткізілді. Байқау нәтижесінде 10 – сынып оқушылары Амантай Нұрсаят пен Болатқызы Балауса «Күз ханзадасы мен ханшайымы - 2023» атанды.

30 қазан күні 5а-5б сыныптармен **«Даналық мектебі»** жобасы аясында «Балалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет» тақырыбында балалары мен аталар арасында кездесу сағаты өткізілді. Оқушылар жеті қазына, қазақтың ұлттық аспаптары, бесік той, жеті ата ұғымдарына

түсініктеме берді.Сайыс соңында сайыскерлерге орын беріліп,сыйлықтармен марапатталды.

17 қараша күні **«Төрт тоқсан – төрт өнер»** жобасы аясында «Айтыс күдіретті өнер» тақырыбында 5-11 сынып оқушылары арасында ашық танымдық сабақ өтті. 11 сыныптан Абат А, 6 сыныптан Төлеген Е, 5 сыныптан Қалдыбек Қарақаттар өз өнерлерімен ерекшеленіп, марапатқа ие болды.

30 қараша күні аудандық семинарда бастауыш сыныптардың ұйымдастыруымен «Мектеп театры» жобасы аясында «Балаңды тәрбиелеме,өзіңді тәрбиеле» тақырыбында сахналық қойылым көрсетіп,аудандық алғыс хатқа ие болады.

2023 жылдың 7 желтоқсан күні**«Төрт тоқсан – төрт өнер»** жобасы аясында ұлттық дәстүрді және ойынды дәріптеу мақсатында «Асық ату» сайысы өткізілді.Сайыс барысында 5-7 білім алушылары«Бес асық»,«Бес табан» ойындарын ойнап жарысты.Жеңіске жеткен оқушылар орындармен марапатталды.

8 желтоқсан күні 3-4 сынып аралығында **«Даналық мектебі»** жобасы аясында ұлттық дәстүрді және ойынды дәріптеу мақсатында «Тарихи тұлғалар тағылымы» би шешендердің өнегелі сөздерінен үзінді қойылым көрсетілді.Нәтижесінде ролді жақсы сомдап шыққан оқушылар марапатталды.

4 -8 желтоқсан 2023 жылы **«Жеткіншектің жеті жарғысы»** жобасы аясында«Тарих пен тілтамырлас»атты бастауыш сыныптар: би шешендерден,5-8 сынып «Ақтабан шұбырынды,Алакөл сұлама» тарихи көрініс,9-10-11 сынып оқушылары «Желтоқсан оқиғасы» тақырыбында сахналық қойылымдар көрсетіп, жекелей көзге түскен оқушылар, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

15 желтоқсан**«Жеткіншектің жеті жарғысы»** жобасы аясында «Тәуелсіздік ел бақыты» онкүндік «Көк тудың желбірегені», «Ұлттық рух-тәуелсіздік тірегі», «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» тақырыбында сыныптар арасында түрлі іс-шаралар жүргізіліп,фейзбук парақшасына жарияланып отырды.

11 қаңтар **«Төрт тоқсан – төрт өнер»** жобасы аясында «Ұлттық өнер» көрмесініңжұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сай жұмыстар жүргізілді. Мұнда оқушылар жеті бөлімнен тұратын жұмыстарын ұсынды. Пән мұғалімі: Ж.Ағыбай. Тоқыма бұйымдары,қағаздан бұйымдар жасау, саздан мүсіндер жасау,ағашқа сурет салу,ұлттық киім үлгісін жасау т.б. Жүргізілген жұмыстар фейзбук парақшасына жарияланып отырды.

18 қаңтар Мұрат Әуезовтің 80 жылдығына орай «Әуезовтің құстары» тақырыбында 5-8 сыныптар арасында бейнефильм көрсетілді.

23 қаңтар **«Даналық мектебі»** жобасы аясында «Әжелер» мектебінің жоспарына сәйкес

5-8 сыныптардың балалары мен әжелері арасында«Шуағын шашқан әжелер» тақырыбында сайыс өткізіліп, фейзбук парақшасына жарияланып отырды.

31 қаңтар **«Даналық мектебі»** жобасы аясында «Ағалар» мектебінің жоспарына сәйкес «Ағасы бардың -жағасы бар,інісі бардың тынысы бар»атты байқау өтті. Байқауға 5сынып балалары 6-11сыныптағы ағаларымен қатысып,өз бақтарын сынады.Нәтижесінде : Қожабек Нұрсат бауыры Данабекпен жүлделі орынға ие болды.

7 ақпан 5-7 сыныптар арасында **«Даналық мектебі»** жобасы аясында «Бала сұлтаны-2024» байқауы өтті.Мақсаты: Халқымыздың салт-дәстүрі,әдет ғұрпы, жөн жоралғыларын оқушылардың бойына сіңіру,батыл,намысты ұлдарды тәрбиелеу. Нәтижесінде: «Бала сұлтаны» бағамымен 6 сынып оқушысы Шәкірат Нұриман бас жүлдені иемденді. Қатысушылар дипломдармен және арнайы бағамдармен марапатталды.

13 ақпан Ұлттық құндылық,ұлттық салт –дәстүрді дәріптеу **«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** аясында «Даналық мектебі» жобасы негізінде « Ұлттық құндылық-құндылықтың бастауы» тақырыбында 5-10 сыныптардың ата-аналары арасында сайыс өткізілді.Сайысқа 5-6 сынып ата-аналарынан құралған «Дәстүр»тобы,5а-9 б ата-аналарынан құралған«Шаңырақ» тобы,8-9а ата-аналарынан құралған «Қазына» тобы,7-10 сынып ата-аналарынан құралған «Елім-ай» топтары қатысты.Сайыс өте тартымды,қызықты

өтті. Мұнда қазақтың салт- дәстүрлері көрініс тапты. Бесікке салу, бастанғы жасау, ән айтып, ұлттық билерін биледі. Қазақтың ұмыт болған ұлттық тағамдарын жасап, көпшілікке таныстырды. Сайыс соңында белсене қатысқан төрт топқа да номинациялар беріліп, дипломдармен, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Наурыз айында аудандық білім бөлімінің жоспарына сай «Қош келдің Әз – Наурыз» тақырыбында онкүндік ұйымдастырылды. Мұнда: көрісу күні, қайырымдылық күні, мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні, шаңырақ күні, ұлттық киім күні, жаңару күні, ұлттық спорт күні, ынтымақ күні, т.б. жұмыстары жүргізіліп, фейзбук парақшасына жарияланып отырды.

Атап айтсақ, 14 наурыз «Төрт тоқсан – төрт өнер» жобасы аясында пән мұғалімдерінің ұйымдастыруымен ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында мектебімізді қазақы нақышта безендіріп, жасы үлкен ұстаздарымыз шашу шашып, бауырсақ, құрт, ірімшіктерін ұсынып, мерекелік көңіл күйде қарсы алды. Жасы үлкендер кішілерге бата беріп, ілтипат көрсетті.

Сәуір айында «Төрт тоқсан – төрт өнер» жобасы аясында 5^{а,б} сынып оқушылары сынып жетекшілерімен бірге «Туған өлкем» тақырыбында ауылымыздың көрікті жерлеріне, тарихи ескерткіштерге барып, саяхаттады. Мақсаты: Оқушылардың бойында туған жерге деген махаббаты, патриоттық, елжандылық қасиеттерге тәрбиелеу.

Сәуір айында «Төрт тоқсан – төрт өнер» жобасы аясында психолог С. Айғабыл 11 сыныптың қыздарына «Қыз бақыты анадан» тақырыбында кеш өткізді. Мақсаты: Қазақ халқының әдет-ғұрып, салт дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, әдепті, сыпайы, адамгершілігі мол, білімді, инабатты қыз тәрбиелеу. Кеште қыз балаларға әртүрлі сұрақтар тасталып, өз ойларын ортаға салды. Бейнероликтер көрсетіліп, пікір алмасты.

Сәуір айында «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында 9-11 сыныптар арасында «Ұлы дала мұрагерлері»

2023-2024 оқу жылына арналған «Сахна және балалар» мектеп театрының жылдық жоспары жоспары жасалынып бекітілді. Аталған жоба аясында мектебімізде оқушылардың шығармашылығын дамыту, балалардың бойына рухани қазынаны сіңіру, көпшілік алдында өзін-өзі ұстай білу, жан-жақты дамуына ықпал жасау мақсатында біршама жұмыстар жүргізілді.

Қыркүйек айында «Театрдың ғажайып әлемі» театр өнерінің республикалық фестиваль-байқауының аудандық кезеңіне «Драмалық спектакль» номинациясы бойынша «Сахна және балалар» театры қатысып жүлделі ІІІ орынға ие болды.

«Қазіргі оқу – тәрбие үдерісіндегі ұлт ағартушыларының педагогикалық идеясы: ізденіс, тәжірибе, нәтиже» тақырыбында аудандық семинар өтті. Өзара тәжірибе алмасу семинарына аудандағы білім беру ұйымдарының басшылары қатыстырылды және олар

№95, №100, №276, №182 мектептердің іс тәжірибесімен танысты. Жұмыс "Ұлттық педагогика: ізденіс пен тәжірибе" айдарымен әзірлеген мектептердің шығармашылық көрмесін танысумен басталды. Әрі қарай №100 мектептің қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі А. Темірова «Даланың таза бұлағы» TEDx конференциясын, №276 мектептің қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Б. Есіркепова, С. Өтепова Абай Құнанбайұлы «Жетінші қара сөзі», №182 мектептің директоры Г. Бақытбергенов «Ұлт ағартушыларының педагогикасы өз бағасын алды ма?» тақырыбында дебат өткізсе, №95 мектептің оқу ісі жөніндегі орынбасары Э. Ержанова «Ұлт мектебінің жүрегі» тақырыбында ток – шоу өткізді. Ток-шоуда Алматы қаласындағы А. Байтұрсынұлы атындағы музей үйімен zoom арқылы байланыс жасап, меңгерушісі Әділет Ахметұлымен, Қ. Ясауи атындағы қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы Мұхит Төлегенмен сұхбаттасып, А. Байтұрсынұлының ғылыми еңбектері туралы құнды деректер алды. Сонымен қатар "Сенімен болашақ" республикалық ата-аналар қоғамдық бірлестігінің Астана қалалық филиал директоры Арапбай Шерхан Жұмабекұлы, зейнеткер - ұстаз Ахметова Ұлжан, №103 мектептің қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Мешітбай Амангелді, аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің библиографиялық- ақпараттық әдістемелік бөлімнің меңгерушісі Мустафаева Зоя ток-шоуға қонақ ретінде қатысып, Ахмет Байтұрсынұлының мұрасы,

педагогикасы туралы сұрақтарға жауап беріп, тәжірибелерімен бөлісті. Ал, №182 мектептің жанынан ұйымдастырылған мектеп театры «Ұлт поэзиясының падишасы» тақырыбында Мағжан өмірінен сахналық қойылым қойды. Театр жетекшісі Ж.Пірназарова. Семинар соңында қатысушылар өздерінің іс – тәжірибесімен бөліскен мектептердің жұмыстарын бағалап, кері байланыс берді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid021yHQaLHbrCKgmqFZLoB59Qsxqy7tHAPbA9QYXCgCHwBnZAnkfGwx9mssonpc4tSql&id=100024068221710&mibextid=Nif5oz

13 қазан М.Жұмабаевтің «Батыр Баян» поэмасынан 7 -сыныптар сахналық қойылым көрсетті. Қойылымның мақсаты: оқушылардың еліне, жеріне деген патриоттық сезімін ояту, ұлттық құндылықтарымызды бағалай білуге тәрбиелеу, елінің адал азаматы болуға, елін, жерін сүйетін, өз Отанын қорғай алатын азамат етіп тәрбиелу. Сайыстың шарты Алаш көсемдерінің шығармаларынан сахналық қойылымдар қою. Сайысқа барлық сыныптар керемет дайындықпен келген. Әр оқушы өзіне берілген кейіпкерді жақсы сомдап шықты. Сайыс қорытындысы бойынша, ең үздік сомдаушы анықталып, әр сынып өз деңгейлерінде түрлі бағамдармен марапатталды.

Басықара ауылдық клубымен бірлесе отырып 19 қазан күні мектептегі 8-9 сыныптар арасында ер балалармен салт дәстүрлермен баталы сөздерді насихаттау, дәріптеу мақсатында «**Аталар сөзі – ақылдың көзі**» тақырыбында салт – дәстүрге байланысты сұрақ – жауап ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/p/AE2CJDfjkrEzZKhp/?mibextid=xfxF2>

30 қазан күні 5а-5б сыныптармен «**Даналық мектебі**» жобасы аясында «Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет» тақырыбында балалары мен аталар арасында кездесу сағаты өткізілді. Оқушылар жеті қазына, қазақтың ұлттық аспаптары, бесік той, жеті ата ұғымдарына түсініктеме берді. Сайыс соңында сайыскерлерге орын беріліп, сыйлықтармен марапатталды.

«Біртұтас тәрбие беру» бағдарламасын іске асыру мақсатында "Даналық мектебі" клубының аталармен жұмыс жоспарына байланысты қазан айының 30—ы күні "Бабалар дәстүрі — ұрпаққа өсиет" тақырыбында 5 сынып ұлдарының арасында бата беруден сайыс өтті. Сайыс екі бөлімнен тұрды. Бірінші бөлімде оқушылар өздерінің дайындап келген баталарын жатқа орындаса, екінші бөлімде қазақтың салт дәстүрлерін қаншалықты білетіндігін сарапқа салып, сұрақтарға жауап берді. Сайыс қызықты өтті. Оқушылар жеті қазына, қазақтың ұлттық аспаптары, бесіктой, жеті ата ұғымдарына түсініктеме берді. Ауылымыздың ақсақалы Шәкірат Айнадинұлы сайыс соңында оқушыларға жеті атаны білудің, салт дәстүрді ұстанудың маңызына тоқталып, батасын берді. Сайыс соңында сайыскерлерге орын беріліп, диплом, сыйлықтармен марапатталды

#батаберусайысы

#біртұтастәрбие

#даналықмектебі

<https://www.facebook.com/share/p/Vgg8dtdQXr3xbhXq/?mibextid=oFDknk>

30 қараша күні аудандық семинарда бастауыш сыныптардың ұйымдастыруымен «Мектеп театры» жобасы аясында «Баланды тәрбиелеме, өзінді тәрбиеле» тақырыбында сахналық қойылым көрсетіп, аудандық алғыс хатқа ие болады.

8 желтоқсан күні 3-4 сынып аралығында «**Даналық мектебі**» жобасы аясында ұлттық дәстүрді және ойынды дәріптеу мақсатында «Тарихи тұлғалар тағылымы» би

шешендердің өнегелі сөздерінен үзінді қойылым көрсетілді. Нәтижесінде ролді жақсы сомдап шыққан оқушылар марапатталды.

Мақсаты: Оқушыларға шешендік сөздер терең оймен, шебер тілмен айтылатын халық шығармасы екені жайлы түсіндіре отырып, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би секілді қазақтың би шешендерін таныстыру, өмірінен мағлұмат беру. Оқушылардың ойлау, сөйлеу сөздерді дұрыс қолдану дағдысын жетілдіре түсу. Тапқырлыққа, шешендікке баулу, мейірімді болуға үйрету.

4-8 желтоқсан 2023 жылы «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Тарих пен тіл тамырлас» атты бастауыш сыныптар: би шешендерден, 5-8 сынып «Ақтабан шұбырынды, Алакөл сұлама» тарихи көрініс, 9-10-11 сынып оқушылары «Желтоқсан оқиғасы» тақырыбында сахналық қойылымдар көрсетіп, жекелей көзге түскен оқушылар, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

🌸🌸🌸 ТІЛ МЕН ТАРИХ ТАМЫРЛАС 🌸🌸🌸

2023 жылдың желтоқсанның 8—і күні Басықара ауылындағы №182 орта мектептің ұйымдастырушы педагог, "Сахна және балалар" мектеп театрының жетекшісі [Жадыра Пірназарова](#) "ЖЕТКІНШЕКТІҢ ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ" аясында 3—11 сынып оқушылары арасында "Тіл мен тарих тамырлас" атты сахналық қойылымдар сайысын өткізді.

Мақсаты:

🌸 Тіл – елдігіміздің белгісі, атадан балаға мирас болып келе жатқан асыл мұра, ұлттық рух пен болмыстың алтын қазығы, тарихымыздың тамыршысы.

🌸 Ұлттық тарихты ұлықтау, тілдің тереңдігін таныту, мемлекеттілік пен елдікті қалыптастырудағы қос ұғымның маңыздылығын жас ұрпақтың санасына сіңіру. Оқушылар Қазақстан тарихындағы айтулы оқиғалардан үзінді қойды. Қойылымдар өте әсерлі өтті. Әсіресе, орта сынып оқушылары қойған "Елім—ай", желтоқсан құрбандарын бейнелеген көріністер сәтті шықты. Рөлдерін керемет ойнап шыққан оқушылар марапатталды.

[#біртұтастәрбие](#)

[#182ортамектеп](#)

Сілтеме: <https://www.facebook.com/share/p/bgX9stWazF6U3ntn/?mibextid=xfxF2i>

18 қаңтар Мұрат Әуезовтің 80 жылдығына орай «Әуезовтің құстары» тақырыбында 5-8 сыныптар арасында бейнефильм көрсетілді.

Наурыз мерекесіне орай ұлттық құндылық, ұлттық салт – дәстүрді дәріптеу мақсатында «Ұлттық құндылық-құндылықтың бастауы» тақырыбында 5-10 сыныптардың ата-аналары арасында сайыс өткізілді. Сайысқа 5-6 сынып ата-аналарынан құралған «Дәстүр» тобы, 5а-9 б ата-аналарынан құралған «Шаңырақ» тобы, 8-9а ата-аналарынан құралған «Қазына» тобы, 7-10 сынып ата-аналарынан құралған «Елім-ай» топтары қатысты. Сайыста ата-аналар сахналық қойылым көрсетіп шықты. Мұнда қазақтың салт-дәстүрлері көрініс тапты. Бесікке салу, бастаңғы жасау, ән айтып, ұлттық билерін биледі. Қазақтың ұмыт болған ұлттық тағамдарын жасап, көпшілікке таныстырды. Сайыс соңында белсене қатысқан төрт топқа да номинациялар беріліп, дипломдармен, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

🌸 «НАУРЫЗНАМА»

🌸 16 наурыз – Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні

🌸 Қазақ салт-дәстүрге сүйене отырып, өзара қарым-қатынасын реттеп отырған, бір-бірін үнсіз түсініп, сыйласқан.

Қазақтың салт-дәстүрі ағайын, туған-туыс, көршілер арасында жақсы қарым-қатынастың қалыптасуына және ынтымақтастықта өмір сүруіне жол ашқан. Мектебіміздің ата-аналармен бірлесе жасаған салт-дәстүрлер топтамасын назарларыңызға ұсынамыз.

#біртұтастәрбие

#182ортамектеп

#Наурызнама

#Мәдениетжәнеұлттықсалтдәстүркүні

Сілтеме: <https://www.facebook.com/share/p/GUq94qo8WaQHhUT2/?mibextid=qi2Omg>

Сәуір айында «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында 8-сынып оқушылары

Д.Исабековтың «Әпке» тақырыбында сахналық қойылым көрсетті.

"Қазалы ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен 2024 жылдың 26 сәуірінде «Пушкин оқулары» атты аудандық байқауы өткізілді.

Байқаудың мақсаты - қазақ тілінде білім алатын жастардың орыс тілі мен әдебиетіне деген қызығушылығын арттыру, орыс тілін меңгерген дарынды жастарды анықтау және қолдау, сөйлеу мәдениетінің деңгейін көтеру. Байқауға 16-22 жас аралығындағы қазақ тілінде оқитын мектеп оқушылары қатысты.

Талапкерлердің өнерін сарапқа салу үшін арнайы қазылар алқасының құрамында Ұлжан Ахметова - актриса, аудандық білім бөлімінің ардагер ұстазы, Асқарова Алима - №276 орта мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Алмаева Жадыра - Қ.Нұрмаханов атындағы №95 орта мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі әділ бағаларын берді. Нәтижесінде Бас жүлдені Басықара ауылындағы №182 орта мектептің оқушысы Балауса Болатқызы жеңіп, арнайы Дипломмен, бағалы сыйлықпен марапатталды. Балаусаның жетекшісі мектебіміздің орыс тілі пәнінің мұғалімі Мусаева Гулназия. Балаусаның көрінісінің сәтті шығуына көмектескен 9-сынып оқушысы Темірғали Құрмет пен 8-сынып оқушысы Серікбай Аянатқа алғыс айтамыз. Жетекшісі мен оқушыларын құттықтап, сәттілік тілейміз.

#182ортамектеп

#Мәдениетбөлімі

#Пушкиноқулары

<https://www.facebook.com/share/p/PuMmnBm4wUjrkW6/?mibextid=qi2Omg>

Күн тәртібі бойынша «Әлеуметтік педагогтың 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмыстарының жылдық есебі» тақырыбында Р.Кемалова хабарлама жасады.

Мектептің әлеуметтік-педагогикалық жұмысының мақсаты:

Мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әл-ауқатын арттыру.

Міндеттері:

Мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайын жан-жақты зерттеу және болжау, сол арқылы әлеуметтік шаралардың орындалуын қамтамасыз етіп, бала үшін білім алуға қолайлы орта құру;

«Бала-отбасы-мектеп» моделіндегі әлеуметтік-педагогикалық жұмыс негізінде әлеуметтік жетімдіктің алдын алу;

Оқушылардың құқықтық, әлеуметтік білімі мен жауапкершілігін қалыптастыру, баланың жан-жақты дамуын әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу.

Жылдық жоспар Білім туралы ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы, Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы ҚР 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі, ҚР баланың құқықтары туралы ҚР 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы, Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы

ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығы, Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы, Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 № 68 бұйрығымен өзгерістер енгізілген) және т.б. нормативтік-құқықтық құжаттарға негізделген.

Жыл басында әлеуметтік педагогтың жоспары жасалынып, бекітіліп біршама жұмыстар атқарылды.

Мектепке келген оқушыларға әлеуметтік диагностика жасалды. Класс жетекшілерден оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын зерттеу жөнінде мәліметтер жинақталды.

Әлеуметтік осал топқа жататын оқушылардың құжаттары жинақталып, «Ситсенге» салынып, ата-аналардың өтініштері қанағаттандырылып, 82 бала бір мезгіл тегін ыстық тамақ тізіміне енгізілді.

Әлеуметтік педагог Р. Кемалова, мектеп психологы Ж.Нұрмағанбетова, дефектолог Ж.Жүніс, үйден оқытылатын оқушылардың үйлерін аралап, оқушылардың тұрмыс - жағдайларымен танысты.

Шілді айында № 64 Үкіметтің қаулысына сәйкес жалпыға міндетті оқу қорынан бөлінген қаржыны алуға мектептегі әлеуметтік топқа жататын 52 отбасы балаларының (40500 теңге) ата – анасынан құжат қабылдандып, тиесілі ақшаларын алды.

Ауыл әкімі Мұрат Тоқтамұратұлы, ауылдық клуб ұжымы, Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының төрағасы Әбілқасым Раман оқу формасын алып берді.

Мектеп оқушыларының әлеуметтік картасы және картотекасы жасалынып, төмендегідей категориядағы оқушылардың тізімі анықталды.

Тұл жетім, жартылай жетім балалар тізімі;

Көп балалы отбасы балалар тізімі;

Тұрмысы төмен отбасы балалар тізімі;

Үйде оқытылатын оқушылар тізімі;

Аз қамтамасыз етілген отбасы балаларының тізімі;

Қыркүйек айында мектептің әлеуметтік паспорт құрастырылды.

« Барлық бала партада » атты тақырыпта сынып аралық рейд ұйымдастырылды.

Қыркүйек айында мектептен берілетін ыстық тамаққа, өгей әке, өгей анамен тұратын оқушыларды бақылау мақсатында комиссия құру үшін бұйрықтар шығарылды.

Логепед Жүніс Жания, педагог – психолог Айғабыл Сәнімкүл. әлеуметтік педагог Кемалова Роза үйден оқитын 4 оқушының үйін аралап, жай – күйін тексеріп, сабаққа дайындығын тексеріп, акті жасалды.

Оқушыларға тамақ беруге дайындығын тексеру мақсатында бракиражды комиссия асханаға тексер жүргізіп, акт толтырды. Айы екі рет асханаға тексеру жұмыстары жүргізіліп, акт толтырып отырды.

Күнделікті оқушылардың тамаққа баруын, тамақтың берілуі қадағаланып тұрды.

Өгей әке, өгей анамен тұрып жатқан оқушылар оқушыларға папка арналып, жоспар құрылды. 3 айда бір тұрғын – жай зерттеу актісі толтырылып отырды.

Аудан әкімінің шыршасына әлеуметтік топтағы 1 оқушы қатыстырылып, жаңа жылдық сыйлықтарға ие болды.

Үйден оқитын оқушыларға логепед Жүніс Ж, тәлімгер Ұлықпан Г, Психолог Айғабыл С, әлеуметтік педагог Кемалова Р жаңа – жылдық сыйлықтар алып берді.

Сынып жетекшілердің көмегімен асханаға байланысты ата – аналардан сауалнама алынды.

Мектептегі әлеуметтік топқа жататын оқушылардың сабағын бақылау мақсатында, сабаққа қатыстым.

Балалардың денсаулығын бақылау мақсатында мектеп медбикесімен тығыз байланыс жасалып тұрды.

Отбасы өте төмен 1 оқушыға кәйс ашылып, жұмыстар жүргізіліп отырды.

Сәуір айында «Қайырымды жүрек, жомарт қол» тақырыбы аясында оқушылар арасында жәрмеңке ұйымдастырылып, жәрменкеден түскен қаржыға әлеуметтік топқа жататын 5 оқушыға аяқ киім, спорт киім алып берілді.

Ауданнан келген қатынастарға уақытылы жауап беріліп отырылды. Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында, жалпыға бірдей білім беру қорының есебінен, мектептегі әлеуметтік топқа жататын 30 оқушы мектеп жанындағы «Балдәурен» күндізгі тынығу лагеріне қамтылды. Сонымен қатар 21 бала аудандық «Шағала» лагеріне демалады. Әлеуметтік топқа жататын 3 оқушы Түркістан облысындағы «Қуаныш» лагеріне барып демалып қайтпақ.

Күн тәртібі бойынша мектеп директоры ағымдағы мәселелерге тоқталып өтті.

1. Педагогикалық ұжымның және жеке мұғалімдердің жетістігін бағалау мақсатында мектепшілік комиссия құрылған болатын. Биылғы оқу жылының ерекшелігі екі мұғаліміміз тең дәрежеде болуына байланысты екі мұғалім де ұсынылды. Осы комиссияның қорытындысы бойынша төмендегі тізімдегі мұғалімдер марапатқа ұсынылсын.

А) «Үздік педагог-2024» бағамына – орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Мусаева Гүлназия Саматовна ұсынылды.

Ә) «Үздік педагог - 2024» бағамына – алғашқы әскери даярлық пәні оқытушы-ұйымдастырушы Нұрбай Жәнібек Қуандықұлы ұсынылды.

2. 2023 – 2024 оқу жылының қорытындысы бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасар Т.Нұрмахановтың мәліметіне сәйкес оқу жылы бойына үздік деп танылған оқушылар «Мектеп үздіктері» деп танылып, мектепте өткізілетін «Үздіктер шеруіне» қатыстырылсын.

3. 2024-2025 оқу жылына жұмыс жоспарын талқылау бойынша 2023-2024 оқу жылында жіберілген кемшіліктер мен жоспарлы зерделеулерде айтылған сын-ескертпелерді ескере отырып, әрбір бірлестік, әрбір орынбасар өз құзіретіне сәйкес жоспар жасауымыз керек. Жаңа оқу жылында Оқу-ағарту министрлігінің құжаттарын басшылыққа алып, жоспарды толықтыратын боламыз.

4. 2024-2025 оқу жылына аудандық білім бөлімінің жоспарына сәйкес мектебімізде аудандық семинар өткізілу жоспарланып отыр. Сондықтан бұл жұмыстарға да белсене дайындықты қажетт етеді. Осы мақсатта да өз жоспарымызды жаңғыртып, тың идеяларды іздей отырып, дайындық жұмыстарын жүргізуіміз керек.

5. Қазіргі кезде аттестация ережесіне өзгеріс енгізілгенін білесіздер. Осыған орай басқа облыстардың үздік деп танылған тәжірибелері таратылу керек. Осы мақсатта «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша кәсіби даму институты шығарған «Жаратылыстану пәні бойынша оқытудың тиімді жолдары» тақырыбындағы әдістемелік құралды жаңа оқу жылында таратуға кеңес беремін. Осы әдістемелік құралды тарату мақсатында мектепшілік бұйрық шығуы керек.

№5 Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. 2023-2024 оқу жылының қорытындысын басшылыққа ала отырып, жіберілген кемшіліктерді ескеріп, жаңа оқу жылының жоспарына өзгерістер енгізілсін.
2. Білім сапасын 60 пайызға көтеру мақсатында жоспарлар жасылынып, білім сапасы төмен сыныптармен жұмыстар жүргізілсін.
3. 2023-2024 оқу жылының қорытындысымен мектеп бойынша 51 оқушы «Үздік» деп танылып, мектепшілік марапатқа ұсынылсын.
4. 1-4 сыныптар №5 педагогикалық кеңестің қаулысымен сыныптан сыныпқа көшірілсін.
5. 5-8, 10 сынып оқушыларын қазқ тілі пәнінен аралық емтиханға жіберілсін.
6. 9, 11 сынып оқушыларын қорытында аттестаттау емтихандарына жіберілсін.
7. Мектепшілік комиссияның қорытындысы бойынша төмендегі тізімдегі мұғалімдер марапатқа ұсынылсын.
А) «Үздік педагог-2024» бағамына – орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Мусаева Гүлназия Саматовна ұсынылды.
Ә) «Үздік педагог - 2024» бағамына – алғашқы әскери даярлық пәні оқытушы-ұйымдастырушы Нұрбай Жәнібек Қуандықұлы ұсынылды.
8. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Нурмағамбетованың «Тәрбие жұмысы бойынша жылдық қорытынды есебі» қанағаттанарлық деп бағалансын.
9. Мектептің тәрбие саласы бойынша 2023-2024 оқу жылында кеткен кемшіліктер мен дамытуды қажет ететін бағыттар 2024-2025 оқу жылының жоспарына енгізілсін.
10. Мектеп оқушыларының жазғы тынығу лагері бойынша аудандық білім бөлімінің жоспары негізінде мектепшілік жоспар жасалынып, мектеп жанындағы лагер өз жұмысын 27.05.2024 жылы бастасын.
11. Мектеп психологы С.Айғабылдың 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмыстары қанағаттанарлық деп бағалансын.
12. Мектеп психологының 2023-2024 оқу жылында кеткен кемшіліктер мен дамытуды қажет ететін бағыттар 2024-2025 оқу жылының жоспарына енгізілсін.
Психолог маманның өзіндік даму жоспары жасалынып, өзіндік білім көтеруі жетілдірілсін.
13. Мектептің қосымша білім беру маманы А.Рысқұловтың жылдық есебі қанағаттанарлық деп бағалансын.
14. Мектептің қосымша білім беру саласы бойынша 2023-2024 оқу жылында кеткен кемшіліктер мен дамытуды қажет ететін бағыттар 2024-2025 оқу жылының жоспарына енгізілсін.
15. Мектеп ұйымдастырушы-педагогы Ж.Прназарованың 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмыстары қанағаттанарлық деп бағалансын.
16. Мектептің ұйымдастырушы педагогтың 2023-2024 оқу жылында кеткен кемшіліктер мен дамытуды қажет ететін бағыттар 2024-2025 оқу жылының жоспарына енгізілсін.
17. Мектептің әлеуметтік педагогы Р.Кемалованың 2023 – 2024 оқу жылында атқарған жұмыстары қанағаттанарлық деп бағалансын.
18. Мектеп әлеуметтік педагогының 2023-2024 оқу жылында кеткен кемшіліктер мен дамытуды қажет ететін бағыттары 2024-2025 оқу жылының жоспарына енгізілсін.
19. 2024-2025 оқу жылына жұмыс жоспарын талқылау бойынша 2023-2024 оқу жылында жіберілген кемшіліктер мен жоспарлы зерделеулерде айтылған сын-ескертпелерді ескере отырып, әрбір бірлестік, әрбір орынбасар өз құзіретіне сәйкес

жоспар жасалынсын. Жаңа оқу жылында Оқу-ағарту министрлігінің құжаттарын басшылыққа алына отырып жасалынсын.

20. «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша кәсіби даму институтынан Г.С.Жаппарова, А.Р.Баймаханова, Г.Е.Абдуллаева бірлесіп әзірлеген «Жаратылыстану пәні бойынша оқытудың тиімді жолдары» тақырыбындағы әдістемелік құрал 2024 – 2025 оқу жылынан бастап №182 орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жаратылыстану бағыты пәндер мұғалімдеріне оқу үдерісінде пайдалану үшін ұсынылсын.

21.

Педагогикалық кеңестің төрағасы:

Г.Бақытбергенов

Педагогикалық кеңестің хатшысы:

Ж.Жүніс

Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №182 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде» өткізілген 2023-2024 оқу жылының №5 педагогикалық кеңесінің хаттамасынан үзінді.

24 мамыр 2024 жыл.

Басықара ауылы

Қатысуға тиісті – 41 мұғалім

Қатысқаны – 40 мұғалім

Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №182 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде» 2023-2024 оқу жылын қортындылауға байланысты №5 педагогикалық кеңес болып өтті. Пед кеңестің күн тәртібінде ««Жаратылыстану пәні бойынша оқытудың тиімді жолдары» тақырыбындағы әдістемелік құралды мектептің іс-тәжірибесіне енгізу туралы» мәселе қаралды.

Бұл әдістемелік құралда жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша сабақты жоспарлау, сабақ құрылымы, сабақты жоспарлауда алатын қағидаттар, қысқа мерзімді жоспарлауға арналған ұсыныстар, критериалды бағалау жүйесі және қысқа мерзімді сабақ жоспарлары жинақталған. Әдістемелік құрал жаратылыстану бағыты пәндер мұғалімдеріне оқу үдерісінде пайдалану үшін ұсынылады.

Жиналыс қаулы етті:

1. «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша кәсіби даму институтынан Г.С.Жаппарова, А.Р.Баймаханова, Г.Е.Абдуллаева бірлесіп әзірлеген «Жаратылыстану пәні бойынша оқытудың тиімді жолдары» тақырыбындағы әдістемелік құрал 2024 – 2025 оқу жылынан бастап №182 орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жаратылыстану бағыты пәндер мұғалімдеріне оқу үдерісінде пайдалану үшін ұсынылсын.
2. Осы мақсатта мектепшілік бұйрық шығарылсын.

Педагогикалық кеңестің төрағасы:

Г.Бақытбергенов

Педагогикалық кеңестің хатшысы:

Ж.Жүніс